



Серпінді жобалар дәуірі



2-бет

Жаңа бағыттың жарқын қадамы



3-бет

Балқаш туризмінің батпандай бағы



8-бет

• РЕСМИ

Анықтама алудың жаңа жолы

Енді қазақстандықтар қандай да бір анықтама алу үшін халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ, «eGov AI» деп аталатын ақылды чат-боттың көмегіне жүгіне алады. Жасанды интеллект негізінде іске қосылған сервис eGov.kz порталы, eGov Mobile мобильдік қосымшасы және e-Otinish платформасына енгізілді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ сыртқы коммуникациялар бағытының жетекшісі Әсем Исабекованың айтуынша, жаңа чат-бот пайдаланушының сұрағын қарапайым тілде қабылдап, қажетті қызметті қалай алуға болатынын түсіндіріп қана қоймай, тікелей сілтемесін де ұсынады. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін жеделдетіп, қағазбастылықты азайтуға әрі өтінім беру тәртібін барынша жеңілдетуге мүмкіндік беріп отыр.

Цифрландырудың басты артықшылығы – мемлекеттік қызметтердің баршаға бірдей қолжетімді болуында. Қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайту осы бағыттағы негізгі мақсаттардың бірі саналады.

Маңыздысы – енді интернеті бар ауыл тұрғындары да аудан орталығына сабылмай, негізгі қызметтерді онлайн форматта ала алады. Алдағы уақытта мемлекеттік қызметтерге бірден қол жеткізуге мүмкіндік беретін AlemGPT атты бірыңғай платформаны іске қосу жоспарлануда. Онда ауқымды сұранысқа ие анықтамалар мен өтініштер диалог форматында қолжетімді болмақ.

Жол қауіпсіздігі қателікті кешірмейді

«Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл – бұл жол қауіпсіздігі. Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет», – деп атап өтті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айындағы Жолдауында. Бұл – қоғамға жүктелген үлкен жауапкершілік. Себебі, жол үстіндегі әр тәртіпсіздік, әрбір салғырт шешім орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Бүгінде жол-көлік оқиғалары құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас мемлекеттің, әрбір азаматтың назарында тұрған күрделі әлеуметтік мәселеге айналды. Жол қауіпсіздігі – адамның өмірі, елдің демографиялық ахуалы, қоғамдық мәдениет пен жауапкершіліктің айнасы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көлік саны көбейген сайын қауіп те артады

Еліміз бүгінде жаңғырудың жаңа кезеңіне аяқ басқан шақта, қауіпсіз әрі тәртіпті жол қозғалысын қалыптастырудың мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі екенін атап айту керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында жол-көлік оқиғалары мәселесіне тағы да арнайы тоқталып, бұл түйткілдің тек Қазақстанға ғана емес, көптеген елге ортақ екенін атап өтті.

Ел Президентінің айтуынша, жол апаттарының басты себептерінің бірі – автокөліктер санының күрт артуы. Соңғы деректерге сүйенсек, елімізде автокөлік саны тек өткен жылдың өзінде 300 мыңға артқан. Ал, соңғы



Коллажды жасаған Арыстан Коспиева

бес жылда бұл көрсеткіш 1,7 миллионға жеткен. Бұдан бөлек, Қазақстан аумағы арқылы жыл сайын шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік өтеді. Мұның барлығы жол қозғалысына түсетін жүктемені еселей түсетіні сөзсіз.

Сала мамандары, автокөлік саны артқан сайын жол апатының болу ықтималдығы да жоғарылайтынын айтады. Осыған байланысты, мемлекет тарапынан нақты әрі жүйелі шаралар қабылданып келеді. Ішкі істер министрлігі де жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылауды күшейтіп, құқық бұзушылықты анықтау мен оның алдын алу жұмыстарын жандандыра түскен. Жол инфрақұрылымы жаңартылып, бақылау тетіктері күшейтіліп келеді. Айыппұл мөлшерінің өсуі де, ең алдымен, жолдағы қауіпсіздікті

қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл шаралардың оң нәтижесі де көріне бастады. Нақты айтсақ, қолға алынған шаралардың арқасында елімізде жол-көлік оқиғаларынан болған адам өлімі 9,4 пайызға азайды. Дегенмен, ел тұрғындары жол ережесіне немқұрайлы қараса, бірде-бір шара түбегейлі нәтиже бермейтінін де ұмытпаған жөн. Апаттардың басым бөлігі қарапайым талаптарды сақтамаудан туындайды.

Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Бағдат Кәкімов бұл жағдайға келінен тоқталды.

– Жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері – жылдамдықты асыру, қарсы бағытта шығу, жаяу жүргіншілерді өткізбеу, мас күйінде көлік жүргізу және тағы басқа. Мұның барлығы адам өмірімен тығыз байланысты.

Жүргізуші жол ережесін білмеуі мүмкін, бірақ, көп жағдайда оны біле тұра елемейді. Осындай жауапсыздықтың соңы адам өлімімен аяқталып жатады. Сондықтан, өзгенің өміріне құрметпен қарауымыз керек, – дейді ол.

Өңірлік ахуал: көрсеткіштер мен шешімдер

Облыс аумағында да жол қауіпсіздігі мәселесі өзекті болып отыр. 2025 жылы облыс аумағында 980 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 147 адам қаза тауып, 1 197 адам түрлі деңгейдегі жарақат алған.

► 7-бет


• ӘЛЕУМЕТ

Еңбек миграциясы өңір дамуының тетігі ме?

Шетелдік маман – қазақ жеріне қонақ па, әлде құтқарушы ма? Егер бөгенайы бөлек жұрттан келген жанға есікті кеңірек ашсақ, не болады? Сұрақ, сұрақ, сұрақ. Жұмыс үстеліміздегі мұндай сауалдар мақ картадағы метафоралық суретті көз алдына әкелетіндей. Онда сөзімізді басынан сабақтайық.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеті жиһан жаһандануы мен экономика екпінінің жедел түрленуі жағдайында республика білікті кадрлардың арагидік тапшылығына тап болары задындағы заңдылық болары боямасыз шындық. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі баспасөз өкілдерінің алға тартқан мағлұматына иек артсақ, алдағы үш-бес жыл мұғдарында елге



Сурет: ЖИ

өнеркәсіп, құрылыс және IT секілді салаларда шамамен 3 миллион маман қажет болады. Тап бермедегі көксокта тапшылық өңірлерде, соның ішінде Орталық Қазақстанда айқынырақ бағамдалады. Мәселен, өнеркәсіп секторы механиктерге, газ өткізу мамандары мен энергетикалық жабдық операторларына зәрулік аңдалады. Сын-кәтерлерге жауап ретінде Қазақстан Үкіметі шетелдік жұмыс күшін тарту тетіктерін жеңілдету жөніндегі бастамаларды әсте-әсте іске асырып келеді.

Айлар айға алмасып, жылдар жылға жалғасты. Атамекендегі ахуал тұрақты өсім үстінде. Еңбек нарығындағы құрылымдық мәселелер бытырғы жылдың бірінші жартысында жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ды құрағандығын көлденең тартады. Салыстырмалы түрде көрсеткіш төмен болғанымен, білікті мамандардың құрылымдық тапшылығын бүркемелейтінін елемесек, болмас-ты. Облыста да жағдай ұқсас. Бытырдың үшінші тоқсанында жұмыссыздық 4% дең-

гейінде тіркелді. Өңір пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу секілді негізгі салаларда кадр тапшылығына тап келіп тұрады. Логистикалық кедергілер, инвестиция иірімі мен жастардың ірі қалаларға көшуі жағдайға ыждаһат пен ықтият сұрайды.

Тапшылық жаман үрдіс емес болар. Мейлі, тапшылық таптауырын реңкке бой алдырса, жұмыс берушілер арасында бәсеке күшейіп, жалақыны арттыруға және еңбек жағдайын жақсартуға сеп емес пе еді?! Есесіне ішкі еңбек ресурстары шектеулі екендігі естен шықпай тұр. Қайта даярлау бағдарламалары белгілі бір нәтижелер сыйлағанымен, барлық қажеттілікті толық өтейді деу бекершілік. Тұйық жағдайда қараңғыдан көз тауып, қаплеттен сөз тапқан болғанда білікті шетелдік мамандар тапшылықты толтырудың бір жолы ретінде қарастырылады.

► 7-бет

• ҚУАТТЫ ӨНІР

Серпінді жобалар дәуірі

Облыста өнеркәсіптің жаңа тынысы ашылып келеді. Өнірдің өндірістік өсіміне тың серпін берген Sapa индустриялық аймағында биыл бірден бірнеше ірі зауыт іске қосылмақ. Олардың қатарында HOWO брендімен жүк көліктерін шығаратын кәсіпорын да бар. Бұл – тек жаңа өндіріс ғана емес, мындаған адамға жұмыс, өнір экономикасына тұрақты табыс, елдің импортка тәуелділігін азайтатын нақты қадам.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Sapa индустриялық аймағына барып, жүзеге асырылып жатқан жобалардың барысымен танысты. Өнір басшысына мұнда іске қосылатын жаңа кәсіпорындар мен құрылыс кезеңіндегі өндірістер жөнінде жан-жақты баяндалды.

Аймақтағы ірі жобалардың бірі – «ТЭМПО Қазақстан» ЖШС жүзеге асырып жатқан тік жікті болат құбырлар зауыты. Бұл өнімдер металл конструкцияларын салу мен су құбырларын тартуда кеңінен қолданылады. Жобаның құны – 20 млрд теңге. Ал, жылдық қуаты 250 мың тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндік береді. Бастысы, кәсіпорында 400-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда зауытта жабдықтарды реттеу жұмыстары жүріп, шағын өлшемді құбырлар өндірісі басталған.


Импортқа тәуелділікті азай-



туды көздейтін ең маңызды бастамалардың бірі – HOWO жүк көліктерін шығару жобасы. Бұл өндіріс іске қосылғанда, елімізде ауыр техника жасау саласында жаңа кезең басталады деуге толық негіз бар.

Жобаға 24 млрд теңге инвестиция тартылып, шамамен мың адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Толық қуатына шыққан кезде зауыт жылына 10 мыңға дейін жүк көлігін құрастырады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп, қажетті жабдықтар жеткізіліп жатыр.

Өнір басшысы, сонымен қатар, құрылыс нысандарын жылу және дыбыс окшаулауға арналған минералды мақта өндіретін болашақ зауыттың алаңын аралады. Мұнда құрылыс-монтаж жұмыстары



аяқталуға жакын, ал, жабдықтарды орнату басталып кеткен.

Кәсіпорынды биыл іске қосу жоспарланып отыр. Зауытта 200-ге жуық жаңа жұмыс орны ашы-

лады. Ал, өндіріс маңындағы сервистік ұйымдар арқылы мыңнан астам адам қосымша жұмыспен қамтылмақ.

Сапар барысында облыс әкімі

QazTehna зауытында Қазақстандағы алғашқы штамптау өндірісімен танысты. Мұнда Qazmet кәсіпорнында шығарылған отандық мырышталған болаттан автотөлік кузовының бөлшектері жасалуда. Осы мақсатта инновациялық гидравликалық штамптау пресі сатып алынған. Соның арқасында машина жасау саласында жергілікті қамту үлесі артып, өндірісті окшаулау деңгейі айтарлықтай жоғарылады. Бұл – отандық өнеркәсіп үшін стратегиялық

биыл өнеркәсіп өсімін кемінде 7 пайызға жеткізуді мақсат етіп отырмыз, – деп атап өтті өнір басшысы.

Sapa индустриялық аймағының дамуына мемлекет есебінен салынған инженерлік инфрақұрылым айрықша серпін беріп отыр. Мұнда барлық қажетті коммуникациялар толық жеткізілген: зауыттар табиғи газға қосылған, бұл энергия шығындарын азайтып, өндірісті экологиялық тұрғыдан тиімді етеді. Алдағы



маңызы бар қадам.

– Sapa индустриялық аймағы кенеюін жалғастырып, жаңа жұмыс орындарын құруда. Өңдеу өнеркәсібінде ірі жобалар іске асырылып жатыр. Жақында Премьер-министр бұл сектордың көлемін арттыру міндетін қойған болатын. Біз осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Жобалардың іске асырылу барысын тексердім. Алдағы уақытта да бақылауда ұстап, туындайтын мәселелерді шешуге қолдау көрсетеміз. Жалпы, облыс бойынша

уақытта индустриялық аймақты облыс орталығымен тікелей байланыстыратын айналма жол салу жоспарланған. Бұл логистиканы жеңілдетіп, өнімді нарыққа жедел жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде Sapa индустриялық аймағы тек зауыттар шоғырланған алаң ғана емес, Қарағанды облысының экономикалық болашағын айқындайтын маңызды өндірістік кластерге айналып келеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Алаяққа алданып қалмас үшін

Алаяқтық схемалары күн сайын түрленіп жатқан заманда ең мықты қорған – дер кезінде берілген білім. Қарағанды облысының мектептері мен колледждерінде жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арналған қаржылық және онлайн қауіпсіздік бойынша интерактивті сабақтардың өтуі – жастарды қауіптен сақтаудың нақты қадамына айналды.

Өңірлік экономикалық тергеп-тексеру департаментінің мамандары жасөспірімдерге алаяқтықтың кең таралған тәсілдері мен цифрлық кеңістікте өзін қорғаудың ережелерін түсіндіріп, кейін алған білімдерін Qazhy Saqshysy интерактивті ойыны арқылы бекітті.

Аталған жоба жыл сайын республика көлемінде «Заң және тәртіп» жалпыұлттық нарративі мен «Адал Азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында өткізіледі. Биыл бастамаға 800 мыңнан астам оқушы қатысқан. Қарағанды облысы да бұл қозғалыстан қалыс қалмай, сабақтарды Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Абай және Бұқар жырау аудандарындағы мектептер мен колледждерде ұйымдастырды.

Педагогтердің айтуынша, интерактивті формат балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, нақты өмірде қолдануға болатын пайдалы дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

– Балаларға жеке деректерді қорғау бойынша берілген кенестер ерекше ұнады. Көпшілігі телефондағы графикалық кілттің сенімсіз екенін білмеген. Енді Face ID немесе саусақ ізі арқылы қорғаудың әлдеқайда қауіпсіз екенін түсінді, – дейді Қарағандыдағы Шәкәрім атындағы гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұлдыз Үкіметова.

Сабақ барысында соңғы жылдары жиі айтылып жүрген дропперлер тақырыбына да айрықша назар аударылды. Бұл – алаяқтар мен олардың құрбандары арасындағы делдалдар. Жасөспірімдерге қылмыстық схемаға қалай байқамай қатысып

кетуі мүмкін екені нақты мысалдармен түсіндірілді.

Кең таралған жағдайлардың бірі – банк картасына белгісіз ақша түсіп, артынан бейтаныс адамдар «қателесіп аудардық» деген желеумен қаражатты қайтаруды сұрауы. Мұндай әрекеттердің салдары ауыр болуы мүмкін. Себебі, Қазақстанда 2025 жылдан бастап дропперлік үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Сабақтарда алаяқтықтың басқа да түрлері – жалған қоныраулар, фишинг сілтемелері, әлеуметтік желілердегі алдамшы хабарламалар туралы кеңінен айтылды. Оқушыларға алдаудың негізгі белгілерін тану жолдары, күмәнді жағдайларда кімге және қалай жүгіну керектігі үйретілді.

Мұндай жұмыстардың басты мақсаты – жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру және оларды цифрлық кеңістікте өзін қорғай алатын саналы азамат ретінде қалыптастыру.

Бүгінгі таңда қаржылық және онлайн қауіпсіздік мәселесі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, мектеп пен ата-ананың, жалпы қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр. Қарағанды облысында бастау алған бұл интерактивті сабақтар – алдын алудың ең тиімді жолы – ағарту екенін тағы бір дәлелдеді.

Балаларға бүгін берілген білім ертең олардың өздерін ғана емес, отбасын да, айналасын да қорғайтын мықты қалқан болмақ.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Қауіпсіздікке жаңа бетбұрыс

Облыста балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бағытындағы тәсілдер жаңа деңгейге көтерілуде. Өнір прокуратурасының бастамасымен арнайы алгоритм әзірленіп, бұл өзекті әлеуметтік мәселе облыс әкімдігінде өткен ведомстваралық комиссияның отырысында жан-жақты талқыланды. Басты мақсат – тәуекелдерді ерте кезеңде анықтау, психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру және білім беру ұйымдары, ата-аналар мен салалық мамандар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту. Отырысқа аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бастамалар «Заң және тәртіп» қағидасы аясында жүзеге асырылуда. Мұнда адам өмірін сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету – сөзсіз басымдық ретінде айқындалған.

Комиссия отырысында Қарағанды облысы прокурорының аға көмекшісі Айжан Оразбекова енгізілген алгоритмнің мазмұнына тоқталып, оның білім беру ұйымдарындағы күнделікті жұмысты нақты жүйеге түсіретінін атап өтті.

– Мектептер мен колледждерде балалардың өмірі мен психологиялық саулығын қорғауға бағытталған арнайы алгоритм енгізілді. Ол педагогтерге оқушылардың мінез-құлқындағы алаңдататын белгілерді дер кезінде байқауға және дұрыс әрекет етуге мүмкіндік береді. Алгоритм тәуекел туындаған жағдайда сынып жетекшілерінің, кураторлардың, білім беру ұйымдары әкімшілігінің және мектеп психологтарының іс-қимыл тәртібін нақты белгілейді. Оның негізінде проблемаларды ерте анықтау, балаға мұқият көзқарас, құпиялылықты сақтау және әрекетсіздікке жол бермеу қағидаттары жатыр, – деді ол.

Бұл – тек құжат емес, нақты әрекетке шақыратын жұмыс құралы. Алгоритм әр баланың тағдырына бейжай қарамауды,

күмәнді белгі байқалған сәттен бастап дер кезінде қолдау көрсетуді көздейді.

Мамандардың айтуынша, балалар мен жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына әсер ететін факторлар әрқилы. Ата-ана назарынсыз қалу, отбасындағы тұрақсыз ахуал, жалғыздық сезімі, жақын адамынан айырылу секілді ауыр психологиялық күйзелістер баланың ішкі әлеміне салмақ түсіреді. Осындай кезеңдерде тыңдай білетін ересек, кәсіби қолдау мен қауіпсіз орта аса маңызды.

Осы бағытта мектептерде «Көңіл күнделігі» енгізіліп, мобильді қосымшалар арқылы тәуекел белгілерін дер кезінде анықтау жұмыстары жолға қойылды. Бұл – балалардың өз сезімін білдіруіне мүмкіндік беретін, педагогтерге де нақты бағдар беретін тиімді тетік.

Психикалық қолдау орталығы мамандарға арналған модульдік оқыту бағдарламасын әзірледі. Онда әр балаға жеке көзқарас қалыптастыруға басымдық берілген. Бағдарлама күрделі жағдайларда тиімді шешім қабылдауға және балаларды өзін-өзі қорғау дағдыларына үйретуге бағытталған.

Қазіргі таңда әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан және профилактикалық есепте тұрған 23 мыңнан астам оқушы тұрақты патронажбен қамтылған. Бұл – тәуекел тобына ерекше назар аударудың нақты көрінісі.

Білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев педагог-психологтар ташпылығы мәселесінің кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын жеткізді. Осы мақсатта Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетімен меморандум жасалып, мамандар облыс әкімі гранттары есебінен даярлануда. Сонымен бірге, педагог-психологтардың жалақысын арттыру мәселесі де пысықталуда. Бұл қадамдар кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ең бастысы – балаларға көрсетілетін көмектің сапасын арттыруға бағытталған.

Ведомстваралық комиссия отырысында «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» жаңа заңның негізгі нормалары түсіндірілді. Құжат балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтіп, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын нақтылауға мүмкіндік береді.

– Оң нәтижелер бар. Алайда, мәселе әлі де өзекті. Барлығымыз алгоритмге сәйкес, бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі жеке басқарма құру мәселесін пысықтауды тапсырамын. Тәуекел аймағындағы әрбір бала үшін бәріміз жеке жауапкершілік арқалаймыз. Өзара іс-қимылды нақты жолға қойып, қосымша шаралар қабылдау қажет, – деді облыс әкімі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағандының өзгеріс пен өрлеу кезеңі

Бүгінде Қарағанды қаласы ауқымды өзгерістер кезеңіне қам басты. Инженерлік желілерді түбегейлі жаңғырту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын цифрландыру, көлік инфрақұрылымын кеңейту, жана шағын аудандар мен қоғамдық кеңістіктер салу сынды маңызды бастамалар – бірінғай даму стратегиясының құрамдас бөліктері. Облыс орталығының алдағы жылдарға арналған басты жобалары аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен кеңесте жан-жақты талқыланды.

Жәлел ШАҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инфрақұрылым игілігі

Кеншілер қаласын дамытудың өзегі – инженерлік инфрақұрылым. Бекітілген бес жылдық бағдарлама аясында қалада коммуналдық желілер кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр.

– Биыл басты назар коммуналдық секторды жаңарту мен кеңейтуге аударылады. Қазір қаланың кәріз жүйелері басымдыққа ие. Әсіресе, коллекторлар түбегейлі жаңартуды қажет етеді. Бұл – коммуналдық тұрақтылықтың негізі, онсыз қаланың одан әрі дамуы мүмкін емес, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Атқарылған жұмыс та аз емес. Маңызды нәтижелердің бірі – Қарағандының орталықтандырылған ауызсумен толық қамтылуы. 2025 жылы жалпы ұзындығы 65 шақырымнан асатын 21 жоба іске асырылған.

Жылу инфрақұрылымы да жүйелі түрде күшейтілуде. Биыл жылу магистралін қайта жаңғырту толық аяқталмақ. Сондай-ақ, тағы төрт жоба бойынша жұмыстар жалғасуда.

Орталық жылу тарату пункті №1, М2 магистралі бойынша бірінші кезектегі жұмыс 2,5 мыңнан астам нысанның жылумен қамтамасыз етілуін жақсарттады. «Гүлдер-1» және «Гүлдер-2» шағын аудандарында жылу станциясының қуаты арттырылып, жаңа мектеп пен алты тұрғын үйді қосуға мүмкіндік берілді.

Ал, М5 жылу магистралін қайта жаңғырту нәтижесінде 12 тұрғын үй мен екі әлеуметтік нысан жылумен қамтамасыз етіледі.

Стратегиялық жобалардың бірі – ЖЭО-3-тің 9-энергоблогы мен 7-турбоагрегатын салу. Бұл жоба 400-ден астам тұрғын үй мен әлеуметтік нысанды жылумен қамтып, Көгілдір тоғандар мен Оңтүстік-Шығыс шағын аудандары арасындағы жаңа ауданға энергетикалық қор қалыптастырады.



«Ақылды қаланың» ауқымы кеңейеді

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қарағандыда цифрлық технологиялар да белсенді енгізілуде.

«Ақылды қала» тұжырымдамасы аясында MESone платформасында бірінғай қалалық диспетчерлік қызмет құру жұмыстары басталған. Бұл коммуналдық қызметтерді орталықтандырылған әрі жедел басқаруға мүмкіндік береді.

Қозғалыс қауіпсіздігі мен цифрландыру да – басты назарда. Қалада жасанды интеллект элементтері бар «ақылды» бағдарламалар енгізіліп, олар Яндекс карталарымен біріктірілген.

«Арғус-жаяу жүргінші» кешендері көлік ағынын талдайды, ал, park.king жүйесі автотұрақтардың бос немесе бос еместігін нақты уақыт режимінде көрсетеді. Бұл міндеттерге 350 бейнебақылау камерасы тартылған.

Сонымен қатар, Қарағандыда жеке секторды газдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бүгінде газ желісі 10 мыңнан астам үйге жеткізіліп, оның 5 мыңнан астамы толық қосылған.

Бес іске қосу кешені пайдалануға берілді, алтыншысы бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл жоба Күнгей және Тауғұл шағын аудандарын қамтып, шамамен 5,5 мың қосылу нүктесін қамтамасыз етеді.

Қала әкімі Мейрам Кожуховтың айтуынша, қаланың Федоровқа бөлігіндегі жетінші іске қосу кешені бойынша жобалар қатар жүзеге асырылып, Жаңа базар аумағындағы үйлерді газдандыруды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, Қарағандыда көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары кең көлемде жүргізілуде.

2025 жылы жол жөндеу және құрылыс жұмыстары 80 шақырымнан астам аумақты қамтыған. Атап айтсақ, екі учаскеде күрделі жөндеу, бір жолды қайта жаңғырту, үш жаңа автожол салынып, 50 көшеде 76 шақырымнан астам жол жабыны жаңартылыпты.

Негізгі жобалардың бірі – С.Мұқанов көшесі бойындағы 6 шақырымдық жаңа магистраль. Ол Майқұдық пен Оңтүстік-Шығысты байланыстырып, көлік жүктемесін азайтады. Төрт жолақты жолда жарықтандыру, веложол, тротуарлар мен автотұрақтар қарастырылған.

– 2026 жылға арналған жоспарға сәйкес, бес автожол салу

көзделіп отыр. Олар – Е.Бөкетов, Сарыарқа, Университет көшелері, С.Мұқанов магистралінің жалғасы және Камали Дүйсембеков пен Бауыржан Момышұлы көшелерінің арасындағы жаңа шағын аудандағы жолдар, – деді қала әкімі.

Нәтижесінде, қалыпты жағдайдағы жолдардың үлесі 88%-ға жетеді.

Жаңа шағын аудан: тың мегажоба

Облыс орталығында Көгілдір тоғандар мен Оңтүстік-Шығыс арасында жаңа шағын аудан қалыптасып жатыр. Бұл – қаланың соңғы онжылдықтағы ең ірі жобаларының бірі.

Қазірдің өзінде 26 тұрғын үй салынған, жыл соңына дейін тағы сегіз үй пайдалануға берілмек.

– Бұл – әлеуметтік, инженерлік және көлік логистикасы толық ойластырылған заманауи қалалық кеңістік, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Жоба аясында 72 гектар аумақта ірі спорттық кластер салынады. Оған әмбебап арена, мұз сарайы, жеңіл атлетика манежі, 12 мың көрерменге арналған UEFA санатындағы стадион, Футбол академиясы (жекеменшік инвестиция есебінен) кіреді.

Сонымен бірге, төрт мектеп, сегіз балабақша, үш емхана және сауда-ойын-сауық орталығы жоспарланған. Табиғи ландшафты сақтай отырып, эко саябақ салынады.

Қала әкімі Мейрам Кожуховтың мәліметінше, 2024 жылы Қарағандыда 475 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жеке құрылыс салушылар 33 көпқабатты тұрғын үй кешенін тапсырыпты. Әлеуметтік осал санаттағы кезекте тұрған азаматтарға 537 пәтер берілген.

Алдағы уақытта жаңа құрылыс пен сатып алу есебінен шамамен 1 200 пәтер бөлу жоспарланып отыр.

Аймақ басшысы жұмысшы жастарға арналған тұрғын үй



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

бағдарламаларының аясын кеңейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Саябақтар салтанаты артады

Дерекке сүйенсек, Қарағандыда Көгілдір тоғандар аумағында көлемі 158 гектар болатын жаңа эко саябақ салу жоспарланған. Тұжырымдаманың өзегін төрт жасанды көлден тұратын каскад құрайды.

Мұнда серуендеу жолдары, жағалау аллеясы, вело және жүгіру бағыттары, спорт алаңдары, экологиялық балалар ойын аймақтары орын тебеді. Сонымен қатар, Орталық парк те ауқымды жаңғыртудан өтеді.

Нақты айтсақ, 2026 жылы балалар теміржолы 807 метрге ұзартылып, зообақты Орталық саябақпен байланыстырады. Екі жаңа жолушылар вагоны сатып алынып, батыс бөлікте жаңа шағын сахна, үшінші көлде жарық-музыкалық, лазерлі және отты эффекттермен жабдықталған фонтан салынса, аралда 8×7 метрлік кит мүсіні орнатылады.

Қарағандыдағы «Шахтер» стадионы соңғы жылдардағы ең ірі жаңғырту кезеңінен өтуде.

«Шахтер» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны директоры Нұрлан Рыстиннің айтуынша, реконструкция жұмыстары 2025-2026 жылдарға жоспарланған.

– Әзірге, футбол алаңының негізгі толық жаңартылып, 50 см құм-кирпішқатас қабаты салынды. Алаң астына 39,5 шақырым сұйықтықпен жылытылатын жүйе орнатылды. Аталған жүйе алаңды ерте көктемнен күз айларының соңына дейін пайдалануға мүмкіндік береді, – деді Нұрлан Болатұлы.

Одан бөлек, 2026 жылы ақпанда жылыту жүйесі сынақтан өтсе, мамырда Италияда өндірілген жасанды газон төселеді және маусымда алаң толық дайын болады.

Сонымен қатар, 18 500 көрермен орындығын ауыстыру, жабық футбол манежін салу және стадионды УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендіру жоспарланған.

Кеншілер астанасында жүріп жатқан өзгерістер – қаланың өмір сүру философиясының жаңаруы. Инженерлік тұрақтылық, цифрлық басқару, қолжетімді көлік, сапалы тұрғын үй, жасыл аймақтар мен спорт инфрақұрылымы – мұның бәрі бір максатқа қызмет етеді. Яғни, Қарағандыны жайлы, қауіпсіз әрі болашағы бар қалаға айналдыру. Жоспар – нақты, максат – айқын. Жұмыстарды аяқтау мерзімі мен жауапты тұлғалар бекітілген. Ендеше, жүйелі дамуға сәттілік серік болғай демекші!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• Өңірлерді дамыту

Қоржынтүбектегі қоныс той

Приозерск қаласында әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарды қолдауға бағытталған ірі бастамалар нақты жүзеге асуда. Жуырда әлеуметтік осал санатқа жататын үш отбасыға жаңа пәтердің кілті табысталды. Сондай-ақ, қаланың денсаулық сақтау саласын дамыту және кадр тапшылығын азайту мақсатында орталық ауруханаға сырттан келген дәрігер мамандарға қызметтік тұрғын үй ретінде үш бөлмелі пәтердің кілті берілді.

Салтанатты шара барысында қала әкімі Мансұр Ахметов қоныс иелерін құттықтап, алдағы жоспарларға тоқталды. Оның айтуынша, өткен жылы жалпы аумағы 1 200 шаршы метрді құрайтын тұрғын үйлер пайдалануға берілген. Қала тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеруге, әлеуметтік осал топтарды қолдауға және Приозерск қаласын заманауи әрі қолайлы қалаға айналдыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылуда. Тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары биылғы жылы да жалғасын табады.

Қазіргі таңда Транспортная көшесі, 3 мекенжайында орналасқан бұрынғы қонақүй ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында ғимарат 24 пәтерлі заманауи тұрғын үйге айналмақ. Құрылыс аяқталғаннан кейін

қала тұрғындары барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, жайлы әрі қауіпсіз баспаналарға қол жеткізеді.

Қалалық әкімдік алдағы уақытта да тұрғын үй саясатын жүйелі түрде жалғастырып, әлеуметтік қолдау тетіктерін кеңейтуді көздеп отыр. Бұл бағытта жас мамандарды тұрақтандыру, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың баспанаға қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ, ескі тұрғын үй қорын кезең-кезеңімен жаңарту басты басымдықтардың қатарында. Осындай нақты қамдамдар арқылы Приозерск қаласы тұрғындары үшін жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға негіз қалануда.

Өз тілшімізден
ПРИОЗЕРСК

Жаңа бағыттың жарқын қадамы

Балқашта «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған №12 жалпы орта білім беретін мектеп ұжымы цифрландыру дәуіріне қадам басып, күн сайын жаңарып келеді. Мектепте оқу кабинеттері жаңартылып, интерактивті такталар мен смарт-панельдер орнатылған. STEM зертханалары, жобалық және зерттеу жұмыстары оқу үдерісіне кеңінен енгізіліп, роботтехника бағыты бойынша Saryarqa FIRST Regional бағдарламасы жүзеге асуда. Бұл туралы директорының міндетін атқарушы Гүлзада Манатаева мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп кітапханасы цифрлық форматқа көшіп, оқушылардың өз бетінше ізденуіне мүмкіндік беретін заманауи ортаға айналған. Сонымен қатар, мектеп жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне белсенді енгізіп отыр. Мұғалімдер ЖИI көмегімен интерактивті тапсырмалар, интеллект-карталар, бейнепрезента-



циялар әзірлеп, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруда. Жаратылыстану және информатика сабақтарында виртуалды тәжірибелер, 3D модельдер мен PhET симуляциялары қолданылып, күрделі ғылыми құбылыстарды түсіну жеңілдетілген.

– Ал, гуманитарлық пәндерде мәтін талдау, логикалық ойлау мен тілдік сауаттылықты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Мектеп педагогтері кәсіби дамуға тұрақты

түрде қатысып, олардың цифрлық педагогика мен жасанды интеллект бағытында біліктілігін арттыруда назарда. Барлық ұстаздар генеративті модельдер мен промт-инжиниринг бойынша курстардан өткен. Оқушылар халықаралық роботтехника жарыстарында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді, – деді №12 жалпы орта білім беретін мектеп директорының міндетін атқарушы Гүлзада Манатаева.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Сонымен қоса, ол білім сапасын арттыруда ата-ана мен мектеп ынтымақтастығы да маңызды екендігін атап өтті. Осы мақсатта ата-аналарға арналған семинарлар, ашық есік күндері мен кері байланыс кездесулері жүйелі түрде ұйымдастырылуда.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Қысқы мектептің» қыруар мүмкіндігі

2026 жылғы 13-15 қаңтар аралығында Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті базасында «Академиялық форсайт: көшбасшылық стратегиялары және білім беру инновациялары – 2026» атты «Қысқы мектеп» өтті. Үш күнге созылған ауқымды академиялық интенсив университеттік басқаруды жаңғыртуға, жасанды интеллектті білім беру үдерісіне енгізуге және еңбек нарығымен өзара ықпалдастықты күшейтуге арналды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қысқы мектептің» алғашқы күні жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен академиялық көшбасшылықтың жаңа үлгісіне арналды. Ашылу салтанатында университет Басқарма төрағасы-ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Орынбасарұлы сөз сөйлеп, университеттердің бүгінгі рөлі тек білім берумен шектелмей, өңірлік даму мен инновациялық экосистемнің тірегіне айналып отырғанын атап өтті.

Алғашқы күні, өткен пленарлық сессияларда біліктілік талаптарының жаңа архитектурасы, университет стратегиясын білім беру бағдарламаларына енгізу, кафедралардың академиялық бөделін қалыптастыру және тіркеуші офисінің жұмыс стандарттары кеңінен талқыланды. «Қысқы мектептің» екінші күні технологиялық серпіліс пен нақты сектормен практикалық өзара іс-қимылға арналды. Күннің басты тақырыбы – «Сұраныс векторы: нақты сектор қызметіндегі ЖИ инновациялары».

Кафедраларды жасанды интеллект арқылы басқару мәселесіне арналған интенсивтерді AI-сарапшы Вильсүр Гарифов өткізді. Қатысушылар нейрожелілерге тапсырма беру, деректерді өңдеу, оқу жүктемесін оңтайландыру және басқару шешімдерін автоматтандыру тәсілдерін тәжірибе жүзінде меңгерді.

Екінші күннің маңызды бөлігі «Университет – Жұмыс беруші» серіктестік экосистемінің дамытуға арналды. «Түлек портретін» жо-балау сессиясына сектор өкілдері

қатысып, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Бұл бағытта оқу мазмұнын жаңарту мен практикалық құзыреттерді күшейтуге басымдық берілді.

Сондай-ақ, Асель Мырзахметованың педагогикалық дизайн шеберханасы өтті. Онда WALS-2025 конференциясынан кейінгі Lesson Study халықаралық тәжірибелері ұсынылып, оларды университет аудиторияларында қолдану жолдары талқыланды.

15 қаңтарда «Қысқы мектеп» өз мәресіне жетті. Қорытынды күні басқару қызметіндегі жасанды интеллект мүмкіндіктері мен алынған нәтижелерді жүйелеуге арналды. Вильсүр Гарифов ЖИ-ді кафедралық басқаруда қолданудың кейстерін ұсынып, деректермен жұмысты автоматтандырудан бастап, стратегиялық жоспарлауға дейінгі тетіктерді көрсетті.

Үш күндік жұмысты академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры Тоғжан Мұратқызы қорытындылап, университетті трансформациялаудың негізгі бағыттарын атап өтті. Оның айтуынша, «Қысқы мектеп» барысында қалыптасқан тәжірибе жаңа академиялық саясаттың практикалық негізіне айналады.

Іс-шара сертификаттар тапсыру рәсімімен және естелік фотосессиямен аяқталды. Қатысушылардың пікірінше, «Қысқы мектеп» тек теориялық алаң ғана емес, жасанды интеллект пен инновациялық педагогикалық дизайнды күнделікті академиялық құралға айналдыру жолындағы қадам болды.

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ұлағатты ұстаз рухына тағзым

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Жоғары мектептің халықаралық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасындағы заң ғылымы мен жоғары білімнің көрнекті өкілдерінің бірі ұлағатты ұстаз Еркін Көбеевтің дүниеден өткеніне бір жыл болып қалды. Еркін Қинаятұлы 2004-2019 жылдар аралығында Арқа жеріндегі іргелі оқу орны академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды. Арда азамат бүкіл саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнады.

Өнегелі өмір жолы

Еркін Көбеев 1959 жылғы 31 наурызда Қарағанды қаласында дүниеге келді. Орта мектепті алтын медальмен бітіргеннен кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1981 жылы тәмамдады. Сол уақыттан бастап, оның кәсіби және ғылыми тағдыры туған университетімен және отандық жоғары білімнің дамуымен тығыз байланысты болды.

Іргелі ғылыми білімге ұмтылыс алғыр азаматты М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасына алып келді. 1989 жылы конституциялық құқық саласы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. Кейін Мәскеу мемлекеттік заң академиясының докторантурасында оқыды. «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, 1999 жылы заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. 2001 жылы профессор ғылыми атағы берілді.

2004 жылдан бастап, Еркін Қинаятұлы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін басқарды. Ректор болған тұста университет өз позициясын едәуір нығайтып, ғылыми-зерттеу қызметін кеңейтіп, халықаралық байланыстарды және ғылыми кадрлар даярлауды белсенді дамытты. Оның басқару стилі стратегиялық ойлауды, принципшілдікті және академиялық дәстүрлерге ұштастырды.

Еркін Көбеев – 300-ден астам ғылыми еңбек, оқулықтар мен

оқу-әдістемелік әзірлемелердің авторы. Білікті заңгердің қызметінде жас ғалымдармен жұмыс ерекше орын алды. Ғылыми жетекші ретінде зерттеушілердің тұтас бір буынын тәрбиелеп, оларға тек білім емес, сонымен қатар, ғылыми жауапкершілік пен кәсіби этиканың жоғары стандарттарын сіңірді. Заң ғылымының, жоғары білім жүйесінің дамуына үлес қосты. Еркін Қинаятұлының жарқын бейнесі шәкірттері мен әріптестерінің жадында сақталып қалады.

Ғалым. Ұстаз. Ғылыми жетекші

Еркін Қинаятұлы ғылыми-педагогикалық қызметінде аспиранттармен, докторанттармен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Ғылыми жетекшілікті формальды міндет емес, болашақ зерттеушілер мен жоғары мектеп оқытушыларын қалыптастыруға бағытталған жауапты әрі күрделі еңбек деп білді.

Ғылыми жетекші ретінде зерттеудің әдіснамалық негізділігіне, ұғымдық аппараттың айқындығына және ғылыми баяндаудың логикасына ерекше мән берді. Диссертациялық жұмыстың әрбір тұжырымы дәлелді, тексерілген және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы тиіс деп есептеді. Ғылымдағы формализм мен үстірттікті мүлде қабылдамады. Жетекшілік стилінің маңызды қыры – зерттеушінің дербестігін қалыптастыру болды. Шәкірттеріне үнемі ғылыми ізденістің бағытын көрсетіп, негізгі бағдарларын



белгілей отыра, ғылыми дерек-көздерді талдауға, қолданыстағы тұжырымдамаларға сыни көзқараспен қарауға және өз ұстанымын құқықтық логика мен дәлелдерге сүйене отырып, қорғауға үйретті. Бұл тәсіл тәуелсіз ғылыми ойлау қабілетін қалыптастырды. Ғылыми жетекшінің талапшылығы әрдайым зерттеушінің тұлғасына деген құрметпен ұштасып отырды. Ескертулері кейде қатаң болғанымен, мазмұны жағынан әділ әрі орынды еді. Ғылыми адалдық, тұжырымдардың дәлдігі мен қорытындылардың негізділігі мәселелеріне баса назар аударатын. Сонымен қатар, ұстаз сирек кездесетін педагогикалық әдеп иесі болды. Күрделі кезеңдерде қолдау көрсетіп, сенім ұялатып, кәсіби күмән мен қиындықтарды еңсеруге көмектесе білді.

Еркін Қинаятұлы үшін ғылыми жетекшілік – ғылым, университет және қоғам алдындағы жауапкершілікті тәрбиелеу еді. Ол ғалымды құқықтық мәдениеттің, кәсіби этиканың және азаматтық ұстанымның тасымалдаушысы ретінде қалыптастыруды басты мақсат санады. Ұстаздың еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілеті және ғылыми дәстүрге құрметі ерекше еді.

Еркін Қинаятұлы Көбеев – өз өмірін ғылымға, университетке және Қазақстан Республикасының

құқықтық дамуына адал қызмет етуге арнаған тұлға. Конституционалист-ғалым, мойындалған педагог және тәлімгер, жоғары білімнің ірі ұйымдастырушысы ретінде ондаған жылдар бойы академиялық ортаның ғылыми әрі адамгершілік бағытын айқындады. Академиялық ойшыл мен тәжірибелі басшының қасиеттерін үйлестіре білді. Ректор ретінде университеттің стратегиялық даму мақсаттарын көре отырып, ұжымды біріктірді, дәстүрді сақтап, ғылыми жаңаруға жол ашты. Ғалым ретінде конституциялық құқық мәселелеріне терең бойлап, Қазақстанның ұлттық құқықтық ғылымын дамыту идеясын табандылықпен қорғады.

Ғалым ғылымды тарихи контекстен және этикалық өлшемнен тыс қарастыруға болмайтынын үйретті. Құқықтық нормалар жиынтығы емес, мемлекеттілік пен қоғам тағдырын бейнелейтін тірі механизм ретінде түсінді. Бүгінде ғылыми мұрасы – оның ғылыми мектебінің жалғасы шәкірттерінің еңбектерінде өмір сүріп келе жатқаны рухани сабақтастықтың айқын көрінісі дер едік.

Аса құрметпен еске алушылар:
шәкірттері, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының профессорлары
Гүлнара БАЛГИМБЕКОВА,
Қуат МУСИН

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Білім саласының биік белесі

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының білім беру жүйесіндегі негізгі өзгерістер инфрақұрылымды жаңартуға, қаржыландыру тетіктерін түзетуге бағытталды. Сондай-ақ, басқарудың цифрлық құралдарына кезек-кезеңімен көшуде Ілкімді жұмыстар жүзеге асты. Жүргізілген жұмыстар, ең алдымен, білім берудің қолжетімділігін арттырып, аймақтың әртүрлі аумақтарындағы оқу жағдайларын теңестірді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында екі жастан алты жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі 90,9 пайызға құрады. Жыл ішінде қосымша орындар енгізіліп, жаңа мектепке дейінгі ұйымдар ашылды, бұл қолданыстағы желіге түсетін жүктемені ішінара азайтуға мүмкіндік берді.

Қарағанды қаласында мемлекеттік және жекеменшік секторды қамтыған мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыруды енгізу басталды. Бұл тетік қаржыландырудың ашықтығын арттыру және ата-аналар үшін қолайлылықты қамтамасыз ету құралы ретінде пайдаланылуда және 2026 жылдан бастап, облыс аумағына кезек-кезеңімен кеңейту жоспарлануда.

Әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балалар үшін тегін тамақтандыру түріндегі қолдау шарасы сақталуда. Мектепке дейінгі біліммен балаларда ұйымдардың меншік нысанына қарамастан қамтууды кеңейту міндеттерімен қатар, мектепке дейінгі білім беру мазмұны мен бағдарламаларда базалық дағдыларды қалыптастыру мәселелері де жұмыс бағытының негізгі назарында қалып отыр. Осыған байланысты, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға, білім беру бағдарламаларын жаңартуға және оқу-тәрбие процесін сүйемелдеуге ерекше көңіл бөлінуде.

Балалары балабақшаға бармайтын отбасылар үшін 308 консультациялық пункттің жұмысы аяғаласуда, олардың едәуір бөлігі (165) ауылдық жерлерде орналасқан.

Мектепке дейінгі білім берудегі басқару үдерістері SabiDamu платформасы арқылы біртіндеп цифрлық форматқа



көшірілуде, бұл деректерді жүйелеуге және педагогтерге түсетін есептік жүктеменің көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

Орта білім беру саласында 2025 жылы орта білім беру инфрақұрылымын белсенді жаңарту жұмыстары жалғасты.

Жеті жаңа мектептің құрылысы аяқталып, 33 нысанда күрделі жөндеу жүргізілді, сондай-ақ, 232 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылды.

Мектептердің материалдық-техникалық базасы едәуір жақсартылып, жаңа үлгідегі 78 пәндік кабинет сатып алынды, бұл физика, химия, STEM және роботтехника кабинеттерін қамту деңгейін 90 пайызға жеткізуге мүмкіндік берді.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен ауылдық жерлердегі тірек мектептерді дамыту жобасы іске асырылып, оның аясында 10 ауыл мектебі заманауи студиялармен және зертханалармен жабдықталды. Сонымен қатар, Теміртау қаласында 30 жалпы білім беретін мектептің спорттық базасы жаңартылды.

2025 жылы 71 680 оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілді, ал, тамақтану құны жаңа тамақтану стандартының енгізілуіне байланысты қараша айында ұлғайтылды.

«Әлеуметтік әмиян» енгізілді – бұл автоматты түрде рәсімделетін тамақтануға арналған цифрлық ваучер. Жұмыс алгоритмі қарапайым: отбасы баланың тегін тамақтану құқығы бар екені туралы

хабарлама алады, ваучер eGov mobile қосымшасында іске қосылады, бала асханада QR-код, карта, Face ID немесе өзге де қолайлы тәсіл арқылы сәйкестендіріледі, содан кейін ата-ана хабарлама келіп, қосымшада тамақ сапасын бағалау мүмкіндігі беріледі. Жобаны іске асыру үшін оқушылар саны 700-ден асатын облыстың 172 мектебінде аппараттық-бағдарламалық кешендер (АБК) орнатылды.

205 шағын жинақтай ауыл мектептерінде «Бизнес-әмиян» мобильді қосымшасы қолданылуда, бұл білім беру ұйымдарының толымдылығына қарамастан барлығын қамтуға мүмкіндік береді.

Алсы елдімекендердегі балалар үшін оқу орнына дейін күнделікті тасымалдау қамтамасыз етілді, бұл мектеп білімнің қолжетімділігін сақтаудың маңызды шарты болып қала береді. Атап айтқанда, 102 шағалы елдімекеннен 987 бала күнделікті тасымалдаумен қамтылып, осы мақсатта 84 көлік бірлігі пайдаланылды.

Облыс оқушылары әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларда жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Халықаралық аренада мектеп оқушылары 95 қатысушының ішінен 53 жүлделі орынға ие болды, оның ішінде, 11 алтын, 27 күміс және 15 қола медаль бар. Облыс өкілдері Халықаралық химия олимпиадасына қатысу үшін ұлттық құраманың қатарына енді.

Аппараттық технологиялар мен роботтехника саласында да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Облыс оқушылары Еуразиялық және Жәутікөв олимпиадаларының жүлдегерлері атанып, халықаралық роботтехникалық турнирлерде жеңіске жетті, «First Robotics» чемпионатында әлемнің үздік 20 командасының қатарына енді, сондай-ақ, Абу-Даби де өткен «RoboCup 2025» халықаралық турнирінде бірінші орынды иеленді. Бұдан бөлек, облыс оқушылары Fibonassi EuroAsia Robot Olympiad Еуразиялық кезеңінде алтын медальдарды жеңіп алды.

«Қамқор», «Шабыт», «Smart bal» және «Балалар кітапханасы» сияқты өңірлік бастамалар табысты іске асырылуда, олар экологиялық, шығармашылық және зияткерлік бағыттарды қамтиды.

Рухандыратын орта қалыптастыру мақсатында «Адал азамат» визуалды стилі енгізілуде. Ағымдағы жылы 31 мектепті толық тақырыптық безендіру тізімі бекітілді, оның ішінде, 7 мектепте жұмыс

стар толық аяқталды.

Балалардың жан-жақты дамуына және сабақтан тыс уақыттағы қамтылуына ерекше назар аударылуда. Қосымша білім беру қызметтерімен 161 033 бала қамтылып, бұл шамамен 92 пайызды құрайды.

Облыста «ақша баланың артынан жүреді» қағидатына және бірыңғай цифрлық кезекті пайдалануға негізделген балаларға арналған қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырыс енгізілді. Жаңа тетік қаржыландырудың ашықтығын арттыруға және контингентті есепке алуды реттеуге бағытталған.

Қаржыландыру екі түрдегі ваучерлік жүйе арқылы жүзеге асырылады: мақсатты ваучерлер мемлекеттік ұйымдарда шұғылданатын балаларды есепке алу үшін қолданылады, ал, әмбебап ваучерлер көрсетілген қызметтер үшін мемлекеттік те, жекеменшік те жеткізушілерге нақты төлем жасауға пайдаланылады.

«Бір бала – бір ваучер» саясаты аясында «e-dagup» және «OQU» жүйелері арасында деректердің автоматтандырылған алмасуы жолға қойылды, бұл нақты уақыт режимінде қолданыстағы ваучерлердің бар-жоғын тексеруге және қосарланған қаржыландыру жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, өңір дарындарды дамыту бағытында жоғары нәтижелер көрсетіп отыр.

Облыс тәрбиеленушілері Оңтүстік Корея, Чехия, Түркия, Ресей және ТМД елдерінде өткен халықаралық байқауларда 120-дан астам жоғары марапаттар (Гран-при және I орындар) жеңіп алды.

Роботтехника бойынша құрама команدامыз Сеул қаласында өткен әлем чемпионатында II орынды иеленіп, үздік командалардың қатарына енді, ал, жас экологтар Прагада өткен халықаралық форумда алтын медальға қол жеткізді.

Инклюзивті білім берулі қолдау басым бағыт болып қала береді. Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың 85,1 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Инклюзивті білім беру балабақшалардың 91 пайызында, мектептердің 95,3 пайызында және колледждердің 100 пайызында енгізілген.

55 қолдау кабинеті және 12 ресурстық орталық жұмыс істеп тұр.

ТиПО жүйесінде кадр даярлау салалардың нақты сұраныстары мен жаңа мамандықтар Атласының басымдықтарын ескере отырып, жүзеге асырылуда.

ТиПО жүйесінде техникалық мамандықтарға қабылдау көлемі орта есеппен 60 пайызға артты, бұл жаңа мамандықтар Атласының басымдықтарына толық сәйкес келеді. Ең жоғары өсім автокөлік жасау саласында (67 пайызға), цифрлық техникада (59 пайызға) және жол құрылысы бағытында (51,3 пайызға) тіркелді.

Ұлттық сандық трансформация және жасанды интеллектті қолдану міндеттерін ескере отырып, Қарағанды кәсіби-техникалық колледжі өз профилін өзгертіп, «Цифрлық технологиялар және дизайн колледжі» болып аталды.

2026 жылы болашаққа қажетті құзыреттерді қалыптастыратын бес жаңа мамандық ашу жоспарлануда, оның ішінде, маркшейдерлік іс, химиялық тазалау және бұйымдарды бояу, графикалық және мультимедиялық дизайн бар.

Дуалды оқыту формасы дамытылуда, оны 8 891 студент қамтып отыр, сондай-ақ, мақсатты даярлық жүргізілуде.

Аймақтың жетекші кәсіпорындарымен, мысалы, Qarnet, Kazakhmys және басқаларымен тұрақты әлеуметтік серіктестік орнатылды. Жалпы, 124 кәсіпорынмен 101 меморандум жасалды.

Биыл Қарағанды облысының 2025а командасы «WorldSkills Kazakhstan 2025» республикалық чемпионатында үшінші орынды иеленіп, бес алтын және жеті күміс медальға, сондай-ақ, кәсіби шеберлік үшін 14 медальонға ие болды.

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында Қарағанды облысының колледждерінен 7 студент Қазақстан Республикасының «100 үздік колледж студенті» республикалық конкурсының жеңімпаздары атанды.

Жыл қорытындысы бойынша кадрлық қамтамасыз ету, ерте даму сапасы және облыстың әртүрлі аумақтарындағы білім нәтижелеріндегі айырмашылықтарды азайту көзделді. Бұл бағыттар бойынша атқарылатын жұмыстар өңірдің білім беру жүйесін одан әрі дамытуға негіз ретінде қарастырылмақ.

Дулат ЖЕКЕБАЕВ,
Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Ел ырысы еселенген жыл

2025 жыл қорытындысы бойынша облыстың агроөнеркәсіптік кешені елеулі жетістіктер мен тұрақты даму көрсеткіштеріне қол жеткізді. Өңіріміздің мол табиғи қоры мен көрсетілген қомақты мемлекеттік қолдау шараларының әрі ауыл еңбеккерлерінің ерен еңбегінің арқасында жоғары нәтижелер бар.

Тұрақты табыс

Мәселен, ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 531,9 млрд теңгені, (2024 жылғы көрсеткіш 477 млрд теңге), нақты көлем индексі 100,3%-ға құрады. Мал шаруашылығында 243,8 млрд теңге, өсімдік шаруашылығында 286,9 млрд теңге сомасына өнім өндірілді. Еңбек өнімділігі тұрғысында бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша бір адамға шаққанда 2 795,1 мың теңгені құрауы, сала бойынша жүргізілген шаралардың тиімділігінің айқын дәлелі.

Егін жинау науқаны сәтті өткізіліп, сәйкесінше орташа түсімі, гектарына 12,3 центнерден 1 125,3 мың тонна астық бастырылып, 65,3 мың тонна майлы дақылдар, 410,7 мың тонна картоп және 73 мың тонна көкөніс жиналды. Жоғары көрсеткіштер, егіс алқаптарын әртараптандыру, заманауи агротехнологияларды қолдану, жоғары репродукциялы тұқым және минералды тыңайтқыштарды пайдалану, сондай-ақ, өсімдіктерді қорғау шараларын тиімді пайдаланудың нәтижесі екені баршамызға аян. Алқаптарды әртараптандыру жоспарына сәйкес, азықтық дақылдар мен әлеуметтік маңызы бар өнім түрлері алқаптарын ұлғайту нәтижесінде, ішкі нарықты жергілікті өніммен қамту арқылы, азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті арттыру мүмкіндігі іске асты.

Облыста өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің жоғары сапалы және экологиялық таза болуы, сәйкесінше, экспортталған өнім көлемінің артуына оң ықпал етті. Өткен жылы, өңірімізден алыс-жақын шетелдерге 169,7 мың тонна ұн, 488 мың тонна бидай, 28,3 мың тонна арпа, 15,9 мың тонна майлы дақылдар және 51,4 мың тонна картоп экспортталып, елімізден тыс жерлерде де азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасалды.

Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісін дамыту және арттыруда минералды тыңайтқыштарды қолданудың маңызы аса зор. Осы шараны субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдау нәтижесінде өткен жылы облыс шаруашылықтарымен 80,2 мың тонна тыңайтқыш қолданылды. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 19,4 мың тоннаға артық. Қолдау үлесін 60%-ға дейін арттыра отырып, аванстық субсидиялау тетігі енгізіліп, топырақты негізгі

қоректік элементтермен толықтыруға әрі өнімділікті арттыруға мүмкіндік берді. Кешенді шаралар өндірістің тұрақтылығы мен өнім сапасын қамтамасыз ету арқылы азықтүлік қауіпсіздігін нығайту міндетімен тікелей байланысты болды.

Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінуде. 2026 жылдың басына облыста 11,1 мың бірлік трактор, 2,2 мың комбайн және 6 мыңнан астам арнаулы техника бар. 2025 жылы 21,7 млрд теңге сомасына 1 123 бірлік техника сатып алынып, парк жаңарту үлесі 6,3%-ға дейін жеткізілді. Субсидиялау мен жеңілдетілген лизингтің жаңа тетіктері, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері үшін техникаға қолжетімділікті арттырып, жұмыс тиімділігі мен азықтүлікпен қамту тұрақтылығына мүлтіксіз мүмкіндік берді.

Жер ресурстарын айналымға тарту жұмыстары белсенді жүргізілуде. 2022 жылдан бастап, заңнама талаптарын бұза отырып пайдаланылған, немесе пайдаланылмай отырған 2 млн 081,6 мың гектар, оның ішінде 2025 жылы – 146,2 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Қайтарылған жерлердің 67,2%-ы немесе 1 млн 344,0 мың гектары ауыл шаруашылығы айналымына енгізілді. Аталған кешенді шаралар егіс алқаптарын ұлғайтып, мал азығы базасын нығайтуға өз ықпалын тигізіп, өз кезегінде өңіріміздегі азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Мемлекеттік қолдау

Мал шаруашылығында да дамудың оң динамикасы байқалуда. Жылқы саны 398,9 мың басқа, құс – 3,47 млн басқа, ұсақ мал – 687,8 мың басқа, түйе – 1,2 мың басқа жетті. Ет өндірісі көлемі – 105,3 мың тоннаны, сүт өндірісі көлемі – 217,8 мың тоннаны, жұмыртқа өндірісі көлемі – 628 млн дананы құрады. Көшелі көрсеткіштер саланың тұрақты даму үдерісі мен халықты сапалы азықтүлікпен қамтамасыз ету қабілеттілігінің дәйекті дәлелі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу қарқынды да тұрақты негізде дамуда. Азықтүлік өнімдері өндірісінің көлемі 185,2 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 9,2%-ға артқан. Қайта өңделген өнім экспорты 184,1 мың тоннаға немесе 75,1 млн АҚШ долларына



жетті. Демек, өңірдің сыртқы нарықтағы позициясы нығайып, елдің азықтүлік қауіпсіздігі артқаны аян.

Саланы дамытудағы негізгі факторлардың бірі – мемлекеттік қолдау. 2025 жылы 24,4 млрд теңге көлемінде екі мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге әртарапты қолдау іске асты. 47,4 млрд теңге сомасын құрайтын 31 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 287 жұмыс орны құрылды. Кешенді шаралар агроөнеркәсіп кешенін нығайтып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру мекеленді.

Қарағанды облысы бойынша тұрғындар үшін азықтүлік тауарларының экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жалғасын табуда. Осы бағытта жүргізілетін сан түрлі шаралар, өңірде азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

Биылғы жылдың 4 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының жаңартылған тізбесі күшіне енді. Тізбе, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының 19 түрінен, 31-ге дейін ұлғайтылды. Аталған азықтүлік тауарларының облыста 26 түрі өндіріледі. Оның 8 басты бағыты бойынша облыс өзін-өзі толықтай қамтамасыз етеді. Яғни, бірінші сұрыпты ұн мен бірінші сұрыпты ұннан пісірілген нан, бірінші санатты тауық жұмыртқасы, макарон өнімдері, картоп, қызанақ және сиыр еті жеткілікті.

Қалған өнім түрлері бойынша қамтамасыз ету деңгейі 1,1% бен 80,2% аралығында қалыптасқан.

Өңірде өндірілмейтін өнімдер (қарақұмық, күріш, қант, шәй, тұз) бойынша қажеттілік, өзге өңірлерден жеткізу әрі

импорт есебінен қамтамасыз етіледі.

Бағаны тұрақтандыру және тұрғындарды азықтүлікпен қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Мәселен, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін ұйымдастыру, өнім өндірушілермен меморандумдар жасасу, тауарлық интервенциялар жүргізу шаралары. Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация қоймаларында қарақұмық, күріш, қант және сұйық май сияқты 400 тоннадан астам өнім сақталуда. Жыл басынан бастап, осы тауарлардың ондаған тоннасы төмендетілген бағамен сатылымға жол алды.

Жеміс-көкөніс өнімдеріне тұрғындардың қажеттілігін толық жабу үшін есепті 11,7 мың тонна картоп, 2,68 мың тонна сәбіз, 1,87 мың тонна пияз және 2,8 мың тонна қырыққабат өнімдеріне тиісті шарттар жасалды. Картоп бойынша келісі 150 теңгеден интервенция жүргізіліп, пияз, қырыққабат және сәбіз өнімі сатылды.

Сонымен бірге, жергілікті өнім өндірушілерімен, өндірілген нан, ұн мен макарон өнімдері, айналым схемасы аясында сауда желілерінде тұтынушыларға белгіленген төмен бағамен сатылады. Жұмыртқа бағасын тұрақтандыру үшін өңірдегі құс фабрикаларымен форвардтық келісімшарттар жасалып, жұмыртқа данасы 45-49 теңгеден сатылуда. 2026 жылғы қаңтардан бастап, тауық еті төмендетілген бағамен, яғни, келісі 1 100 теңгеден жеткізіле бастады.

Нақты жоспар

Сүт өнімдеріне ерекше назар аударылады. 2025 жылы Нұра ауданында «МТФ Рамадан» ЖШС 1 100 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы іске қосылып, бүгінгі күнге 1 500 тонна сүт өндірілді. Сондай-ақ, Осакаров ауданында «Евразия Инвест Ltd» ЖШС-мен 1 200 басқа арналған жаңа сүт фермасының құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде импортқа тәуелділікті азайтып, қайта өңделген өнім көлемін арттыру мүмкіндігі еселенген.

Сиыр еті бағасын тұрақтандыру үшін келісі 2 900 теңгеден 442 тонна ет жеткізуге келісімшарттар жасалды. Қарағанды және Балқаш қалаларында, жергілікті өндірушілерден ет өнімдерін, делдалсыз қолжетімді бағамен тікелей алуға арналған арнайы павильондар салынды.

Тауарларға шекті баға тетігі алынып тасталып, сауда үстемесін 15%-дан асырмауын қатаң бақылауға көшу маңызды қадамдардың бірі болды. Аталған талап, жеткізу шарттарында бекітілген, ал, бұзушылықпен жасалған мәмілелер жарамсыз деп танылады. Қабылданған шаралар импортқа тәуелділікті азайтып, ішкі

нарықты негізгі азықтүлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға сеп. Іс-шараларды іске асыру жұмыстары жалғасуда, және тұрақты бақылауда. Келешекте бағаның тұрақтылығы әрі облыстың азықтүлік қауіпсіздігі нығая түседі.

Биыл барлық негізгі бағыттар, егіс алқаптарын әртараптандыру, техниканы жаңарту, ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу, қайта өңдеуді және экспортты дамыту бойынша жұмыс жалғастыны болады.

Жалпы, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін 559,6 млрд теңгеге, нақты көлем индекcін – 102,5%-ға дейін жеткізу жоспарлануда. Оның ішінде өсімдік шаруашылығында – 330,9 млрд теңге, НКІ – 103,0%, мал шаруашылығында – 228,3 млрд теңге, НКІ – 102,0%. Дәнді және бұршақты дақылдар егіс алқаптарын 6,1 мың гектарға ұлғайтып, 920,8 мың гектарға жеткізу жоспарлануда, майлы дақылдарды 7,4 мың гектарға арттырып – 85,4 мың гектарға, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріндегі картоп алқаптарын 0,9 мың гектарға ұлғайтып – 11,5 мың гектарға, көкөніс алқаптарын 0,1 мың гектарға арттырып – 1,1 мың гектарға жеткізу көзделуде.

Астық өндіріcін 0,7%-ға арттырып, 1 150,3 мың тонна көлеміне жеткізу, картоп – 9,1%-ға өсіммен 448,0 мың тонна, көкөніс – 1,6%-ға өсіммен 76,0 мың тонна жоспарлануда.

Ірі қара мал басын 1,1%-ға арттырып, 432,6 мың басқа, қой мен ешкі – 2,3%-ға, жылқы – 3,3%-ға, шошқа – 1,8%-ға, құс – 2,7%-ға жеткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, ет өндірісі көлемі 4,6%-ға өсіп, 110,1 мың тоннаға дейін (2025 ж. – 105,3 мың тонна), сүт – 3,6%-ға өсіп, 225,6 мың тоннаға дейін (2025 ж. – 217,8 мың тонна), жұмыртқа – 1,6%-ға өсіп, 638,0 млн данаға дейін (2025 ж. – 628,0 млн дана) артады деп күтілуде.

Агроөнеркәсіптік кешенге тартылатын инвестиция көлемін 61,4 млрд теңгеге дейін арттыру жоспарлануда (2025 ж. – күтілетіні 72,3 млрд теңге). Жалпы құны 67,0 млрд теңгені құрайтын, 521 жұмыс орнын құрумен 27 жобаны іске асыру жоспарлануда. Осы шаралардың барлығы азықтүлік қауіпсіздігін нығайтуға, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз етпек.

Ануар ТЮЛЮБЕКОВ,
Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы

Ұлт саулығы – ұлы мұрат

Мемлекет басшысының халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында өткен жылы облыста денсаулық сақтау саласы бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Өңірде ауыл медицинасы дамытылып, жедел жәрдем қызметі күшейтіліп, жоғары технологиялық көмектің қолжетімділігі артты.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласы былтыр инфрақұрылымды жаңғыртуға, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, кадрлық әлеуетті нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстарды жалғастырды. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі – халықтың өмір сүру ұзақтығы мен әлеуметтік әл-ауқатының басты көрсеткіші. Осыған орай, өткен жылы өңірде медициналық көмекті дамытудың барлық негізгі бағыттары қамтылды.

2025 жылғы жұмыстың негізгі басымдығы медициналық-санитарлық алғашқы көмекті, әсіресе, ауылдық жерлерде дамыту болды. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста 92 медициналық нысан салынды, оның 51-і қайтарылған активтер есебінен бой көтерді. Бұл ауыл тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін айтарлықтай арттырды.

Сонымен қатар, Теміртау қаласында ангиографиялық операциялық блоктың құрылысы аяқталды. Балқашта ғимаратты оңалту орталығына бейімдеу және көпбейінді аурухананы күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Жедел медициналық көмекті дамыту да басты бағыттардың бірі болды. Облыс әкімінің қолдауымен Абай ауданының Топар кентінде және Саран қаласында екі заманауи модульдік қосалқы станция орнатыла бастады. Осы бағытта 113 жаңа «Жедел жәрдем» автокөлігі сатып алынды. Автопарктің жанаруы шақыртуларға жету уақытын қысқартып, медицина қызметкерлерінің жұмыс жағдайын жақсартты.



Балқашта «Қазақстан халқына» және «Қамқорлық» қорларының қолдауымен 0-18 жас аралығындағы балаларға арналған оңалту орталығы ашылуға дайындалып жатыр. Ана мен бала денсаулығын қорғау – өңірлік саясаттың тұрақты басымдығы болып қала береді. Өңірде 9 даму және ерте араласу орталығы ашылып, 30 мыңнан астам бала ерте диагностика мен түзету көмегіне қол жеткізді.

Биылдан бастап, мұндай орталықтар барлық алғашқы медициналық ұйымдардың базасында жұмыс істейді. Сондай-ақ, емханалар жанынан әйелдер консультациялары ашылуда. Қазіргі таңда олардың саны бесеуге жетті. Балалардың стоматологиялық денсаулығына да ерекше мән беріліп, 8 мектепте стоматологиялық кабинеттер іске қосылды.

№1 перинаталдық орталықты күрделі жөндеуден өткізу нәтижесінде аналар мен жана туған сәбилерге арналған жағдай айтарлықтай жақсарды. Бұған дейін орталық базасында жоғары қауіп тобындағы жүкті әйелдерге арналған «Салауатты Ана» пансионаты ашылған болатын.

Қарағанды қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Онкологиялық қызмет те кезең-кезеңімен нығайтылуда. Арнайы мемлекеттік қор есебінен 6,2 млрд теңге бөлініп, онкоорталықтың операциялық-реанимаци-

ялық блогы салынуда. Нысан 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар, ПЭТ/КТ орталығының құрылысы басталып, екінші желілік үдеткіш іске қосыламақ. Цифрландыру саланы дамытудың стратегиялық бағытына айналды. Face ID және кодтық сәйкестендіру жүйелерін енгізу нәтижесінде анықталған қабылдаулар үлесі 61 пайызға жетті.

Былыт 160 мыңнан астам телемедициналық қызмет көрсетілді. Бұл, әсіресе, ауыл тұрғындары мен диспансерлік есепте тұрған науқастар үшін үлкен мүмкіндік болды. Шет ауданында телемедицина бойынша пилоттық жоба іске қосылып, фельдшерлік-акушерлік пункттер қашықтан бақылау жүйелерімен жабықталды.

Өңірде 15 мыңға жуық медицина қызметкері еңбек етеді. Қазіргі кадр тапшылығы – 270 маман. Осыған байланысты, 2025-2027 жылдарға арналған кадрлармен қамтамасыз ету жол картасы әзірленді.

Өткен жылы өңірге 195 жас маман келіп, оның 70-і ауылдық жерлерге жұмысқа орналасты. Біржолғы көтерме төлемдер 1,5-8,5 млн теңге аралығында берілді. Нұра ауданында дәрігерлерге арналған тұрғын үй пайдалануға беріліп, резидентураға 130 грант бөлінді.

Жыл қорытындысы бойынша өңірде негізгі көрсеткіштер бойынша оң серпін байқалады. Нәрестелер өлімі 15,8 пайызға, балалар өлімі 11,9 пайызға төмендеді. Ана өлімі тіркелген жоқ. Қан айналымы жүйесі аурулары мен туберкулезден болатын өлім-жітім де азайды.

Бұл нәтижелер жүргізіліп жатқан жүйелі өзгерістердің тиімділігін көрсетеді. Алдағы кезеңде де медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыс жалғасын табады.

Халық денсаулығы – біздің басты құндылығымыз.

Самат КЕНЖИБАЕВ,
Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы

• БӘРЕКЕЛДІ!

Білім бәсекесінде бәсіміз биік

Алматы қаласында өткен XXII Халықаралық Жәутіков олимпиадасы биыл да дарынды оқушылардың білім-бәсекесіне айналды. Достүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл зияткерлік сайысқа әлемнің 16 елінен келген жүздеген үздік оқушы қатысып, математика, физика және информатика пәндері бойынша бақ сынады. Олимпиада халықаралық деңгейдегі беделді білім жарыстарының бірі саналады және жыл сайын қатысушылардың дайындық деңгейі мен тапсырмалардың күрделілігі арта түсуде.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы олимпиадаға Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Румыния, Тәжікстан, Түрікменстан, Индонезия, Үндістан және Өзбекстан елдерінен келген 612 оқушы қатысты. Қатысушылардың басым бөлігі – өз елдерінің ұлттық іріктеуінен өткен, пәндік олимпиадаларда жоғары нәтиже көрсеткен мектеп оқушылары.

Байқау екі кезең бойынша ұйымдастырылып, тапсырмалар халықаралық стандарттарға сәй әзірленді. Қазылар алқасының құрамында түрлі елдерден келген тәжірибелі мамандар болды. Олар қатысушылардың білімін ғана емес, логикалық ойлау қабілетін, жылдам шешім қабылдауын және шығармашылық тәсілдерін де бағалады.

Бұл білім бәсекесінде Қарағанды облысының оқушылары да жоғары нәтижелерімен көзге түсті. «Білім-Инновация» №1 лицейінің оқушылары Асқар Жұмағали, Даниял Нұрлан және Дінісмам Амангелді өз пәндері бойынша жүлделі орындарға ие болып, қола медаль жеңіп алды. Ал, Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік

мектебінің 11-сынып оқушысы Батыр Ерденев информатика пәнінен үздік нәтиже көрсетіп, жүлдегер атанды.

– Басқа елдерден келген мықты қатысушылардың өзі барлық тапсырманы шеше алмады. Мен үшін бұл олимпиадаға қатысу өте пайдалы әрі маңызды болды, себебі, болашақта информатика бағыты бойынша жоғары оқу орнына түсіп, IT саласында жұмыс істеуді жоспарлап отырмын, – Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Батыр Ерденев.

Жалпы, олимпиада қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылар айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Ел құрамысы 132 медаль иеленді. Оның ішінде 28 алтын, 35 күміс және 69 қола медаль бар. Бұдан бөлек, жеңімпаздарға еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының ректорлық гранттары табысталды.

Халықаралық Жәутіков олимпиадасы 2005 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Қарағандылық оқушылардың бұл жоғлы жетістігі өңірдегі білім сапасының жоғары деңгейде екенін көрсетіп, жас ұрпақты ғылым мен білімге ынталандыра түсті.

Халықаралық деңгейдегі осындай жеңістер жас өрендердің ғылымға деген қызығушылығын арттырып, болашақта ел дамуына үлес қосатын зияткер ұрпақтың қалыптасуына негіз болады.

• ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Берлібектің белестері

Осы бір орта бойлы, қарапайым қара баланы жасөспірім күнінен білетін едім. 1970 жылдары Егіндібұлақ селосындағы мектеп-интернатта менің інім Бекенмен бір класта оқыған бұл баланың аты-жөні Берлібек Әбдікәрімов болатын. Сол жігіт 1972 жылы мектепті алтын медальға бітіргенде таң қалғанымыз рас. Ауылдық жерде мұндай үздік бағаға бітіретін балалар бірен-саран еді. 1967 жылы осы Берлібектің ауылдасы, яғни, бұрынғы «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозынан Серік Қарабалин деген жігіт мектепті алтынға бітірді. Осылайша бір ауылдың екі баласы айды аспанға шығарды. Содан бері Берлібектің өмір жолын сырттан бақылап, жеткен жетістіктеріне қуанып отырамын. Енді сол аңқылдаған ақкөйлек жігіттің өмірбаянына үйіліп көрейік.

Берлібек Бейсенбекұлы Әбдікәрімов 1956 жылы 17 қаңтар күні бұрынғы Қу ауданының Шартықты ауылдық кеңесіне қарасты Ленин колхозының орталығы Шөптікөл ауылында дүниеге келген. 1962 жылы осы ауылдағы бастауыш мектептің бірінші сыныбына оқуға барады. Әкесі Бейсенбек 1950 жылдары агроном мамандығын алып, шаруашылыққа еңбек етеді. Бейсекең жас кезінде күреспен айналысып, балуан атанған. 1957 жылы Берлинде өткен бүкіл дүниежүзі жастары мен студенттері фестивалінің құрметіне орай Қарағанды қаласында селолық аудандардың арасында жарыс өткен екен. Сол жарыста қазақша күрестен бақ сынауға Қу өңірінен біраз жігіт қатысыпты. Сол бәсекеде әр салмақ дәрежесі бойынша Балқантаудан барған Бейсенбек Әбдікәрімов, Ыбырай Тергеубеков, Мағуа Бекішев жеңімпаздар қатарында болған. Бейсекеңнің әкесі Әбдікәрім де кезінде күрескенін, Егіндібұлақтың басындатұрған Рымтай ақсақалмен жиын-тойда үнемі бәстесіп, күресітінін жұрт аңыз қылып айтады. Яғни, бұл әулетте балуандық тұқымында бар деген сөз. Алайда, әкесі 37 жасында сырқаттанып, 1966 жылы марқұм болып кетті. Анасы Нұрзила алты баласымен бар-жоғы 32 жасында аңырап қала береді. Қолында қартайған ата-енесі болған-ды. Ол уақытта ұлдың үлкені, екінші баласы Берлібек 10-ақ жаста болатын. Кенжесі әлі бірге де толмаған. Сөйтіп, анасының мойнына ауыр жүк ілінді. Жасы келген ата-ененің күтімінен басқа шиеетгі 6 баланы асырап, жеткізуге міндетті тұрды. Бала-шағасын қатардан қалдырмау үшін анасы бірнеше қара жұмысты қоса атқарды. Мектептің еденін жуады, интернаттың қазандығын жақты. Совхоздың барлық маусымдық жұмыстарына қатысып, қой қырықты, төл алды, сиыр сауды, қысқасы, барлық ауыр жұмыстарды атқарды.

Берлібек бала болса да, бастарына қиындық түскенін бірден аңғарып, өзінен кейінгі үш інісі анасына қолдарынан келгенше көмектесуге тырысты. Берлібек ұлдан үйдің үлкені болғандықтан ауырлықтың қамытын ерте киді. Қара жұмысқа араласты. Он екі жасында табыс табайын деп жаз айларында ауылдың жекеменшік малын бақты. Ал, он үш жасынан бастап, мектеп бітіргенше жазғы демалыс кезінде шөп шабатын тракторшыға прицепщик болып жұмыс істеді. Сондай ғанауандық жұмысқа қатысқан ауылдың адамдары біледі, шөп шабатын машинада отыратын прицепщик деген болады. Ол темір орындыққа күні бойы отырып, көзі шөп машинасының шалғысында болады. Себебі, тас немесе төбешік кездесе, тиісті тетікті аяқпен басып шалғыны көтеріп қалу керек. Өйтпесе, жер немесе тас қапқан шалғы істен шығып қалады. Жұмыс тоқтап қалады, сөгіс естисің, бәрінен бұрын бос тұрғаның үшін жаалақы төленбейді. Бір сом болса да, үйге көмек болсын деп жаңұшырып жүрген балаға бұл оңай емес. Сондықтан, күннің ыстығында қалғып кетпеуге тырысып, екі көзі сырылдаған шалғыда болады.

Өрине, бұнық бәрі айтуға ғана жеңіл. Бозторғай шырылдаған таңның атсынан, кеш батқанға шейін, шақырайған күннің астында, аптап ыстықта бұғанасы бекімеген жас балаға шөп шабу деген оңай емес. Мұндай еңбекке ерте араласып, ширап өскен баланы қзақ «тесік өкпе» болып өскен азамат дейді. Осылайша, Берлібек үш жыл қатарынан шаруашылықтың маусымдық жұмысы – қоғамдық малға азық әзірлеуге белсене қатысты. Өзіне және бауырларына мектепке керекті киім-кешек, оқу құралын сатып алуға қаражат тап-

ты. Ең бастысы, совхоздың, үйдің қара жұмысын істей жүріп, оқуды да ұмытқан жоқ. Кітапты көп оқыды. Соның арқасында 1972 жылы 16 жасында Егіндібұлақ мектеп-интернатын алтын медальға бітірді. Оқуда үздік, қоғамдық жұмыста белсенді болды. Сол жылы Целиноград қаласындағы ауыл шаруашылық институтына оқуға түсті. Осы институтты 1977 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп, өзінің туған жері «Қазақстанның қырық жылдығы» совхозына машина-трактор ауласына (МТМ) меңгеруші болып орналасты. Сонымен қоса, шаруашылықтың бастауыш комсомол ұйымының қоғамдық негіздегі хатшысы қызметін қоса атқарды. Ол өзіне тапсырылған іске жауапкершілікпен қарайтын әдегі бойынша комсомол ұйымының жұмысын жандандырып, жастарды ауылдың саяси, мәдени өміріне белсене араласуына қол жеткізді. Осы еңбегі лайықты бағаланып, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Өзінің негізгі жұмысын да ұмытқан жоқ, МТМ-нің меңгерушісі ретінде барлық техниканың жүріп-тұруына, уақытында жөндеуін қамтамасыз ете білді.

Сол кездегі совхоз директоры Дәурен Қарасартовтан көп нәрсе үйренді. Себебі, комсомол ұйымының хатшысы ретінде бүкіл жиындарға, лездемелерге қатысып жүріп, қызметтің ретін көңіліне түйін отырды.

Өзінің инженерлік міндетін мінсіз атқарды. Техникаларды жетілдіру үшін жаңа тетіктер ойлап таба бастады. Мысалы, егін себу кезінде тұқым таситын ГАЗ-51 жүк көліктерінің өнімділігі төмен болып, жұмыс жиі тоқтап қала беретін. Жері құнарлы болғандықтан ол уақытта «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозының егіс көлемі көп болатын. Ал, кең алпаққа тұқымды уақытында себу керек. Ол үшін техника өнімді жұмыс істеуі қажет. Жұмыс өнімді болуы үшін ЗИЛ машинасының артқы бортына гидравликаның майымен айналатын тұқым түсіретін шнек орнатып, тұқымды тез жеткізудің жолын тапты. Жұмыс өнімділігі артып, техникалар үздіксіз жұмыс істейтін болды. Содан 1980 жылы сәуір айында Қоянды ауылында егін егу науқанына байланысты өткен семинарға қатысып, осы қондырғыны көрсетті. Оны сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шалабай Қуанышев көріп, оны мақтап, қондырғыны жаппай қолдануға кеңес берді. Аудан басшысының көзіне түскен соң көп ұзамай Абай атындағы совхозға бас инженер болып тағайындалды. Сөйтіп, сол жылы мамыр айында бас инженерлік қызметке кірісті. Бұл шаруашылық 1954 жылы тың игеру кезінде астық өндіру үшін құрылған үлкен совхоз еді. Мұнда 20 мың гектар жерге егін өсірілетін, 30 мыңнан аса қой өсірілетін. Үлкен шаруашылық болған соң техника өте көп, бірақ механизатор мен малшылар тапшы. Бұл совхозда да тұқым жеткізетін машиналардың мәселесі шешілмей тұр екен. Қызметке мамыр айында кіріскендіктен сол жылы өзі ойлап тапқан шнекті қолдануға үлгермеді. Келесі жылы бес ГАЗ-53 жүк көлігінің артқы бортына гидравликалық шнек орнатып, тұқымды егіс басына жеткізу мәселесін толық шешті.

Берлібек Абай атындағы совхозға бас инженер болып келгенде жөндеу шеберханасының меңгерушісі жоқ екен. Машина-трактор ауласының меңгерушісі зейнет жасына жеткен, көп жылғы жұмыстан шаршаған адам болып шықты. Шеберханада электрмен дәнекерлеуші, автоэлектрик



жок. Сырттан келетін кадр жоқ. Ауылды жақсы білетін адамдармен ақылдасып, мәселені шешудің жолын іздеді. Бұрын осы салада істеген мамандар түрлі себеппен тракторшы болып кетіпті. Сондай инженер-техниктермен жеке-жеке ұзақ сөйлесудің арқасында оларды шеберхана мен машина ауласы меңгерушісіне қойды. Осындай қолы алтын, баспен ойлап істейтін мамандардың арқасында жұмыс жүріп кетті. Алғашқы нәтижелері көрінді. Атап айтқанда, өмір бойы ашық жатқан машиналар ауласын қоршады. Жөндеу шеберханасының төбесін жөндеп, су ақпайтын дәрежеге жеткізді. Бөлшек саймандар сақтайтын жаңа қойма салып, жанар-жағармай базасына колонкалар орнатылды. Басқаларды ұсақ-түйек жұмыстар істеліп, совхоздың техника саласы толық ретке келтірілді. Аудан басшылары оның осындай тиынақты жұмысын жоғары бағалап, 1986 жылы аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылық бөліміне нұсқаушы етіп тағайындады. Осылайша кабинеттік қызметтің де тамырын ұстап көрді. Бір жылдан кейін «Арқалық» совхозының партия ұйымына хатшы болып сайланды. Дәл сол жылдары, яғни, 1987-1992 жылдары осы шаруашылыққа Мұрат Нұрақышев директор болған еді. Берлібек болса-болмаса, партия ұйымын басқарды. Мұрат аға өзін жанаша ойлайтын басшы ретінде көрсете білді. Ауылда жаңа мәдениет үйі бой көтерді. Көшелер асфальтталып, абаттандырылды. Тері өңдеу, тон тігу цехы іске қосылды. 1990 жылы Тәттімбет Қазанғұлының 175 жылдығы атап өтілген тұста ауылды көркейту жұмысы қызға түсті. Ұлы күйшінің жерленген мәңгілік қонысы қоршалып, ескерткіш орнатылды. Совхозға Тәттімбет күйшінің аты берілді. Осы жұмыстарды ұйымдастыру барысында партия ұйымының хатшысы ретінде Берлібек Әбдікәрімов көп үлес қосты. Іскер басшы болған Мұрат Шауенұлынан тәрбие алып, ол кісінің тәжірибесін үйренді. Шынында да, бұл жылдар Берлібек үшін жемісті қызметтік дәуір болды. Бір сөзбен айтқанда, жұлдызды сәті еді. Одан кейін осы ауылдың селолық кеңесін басқарды. Тәттімбет атындағы совхоздың директоры болды. Жекешелендіру басталған тұста «Тәттімбет» шаруашылығы серіктестігінің төрағасы қызметін атқарды. Тұрасын айтқанда, ол басшы ретінде қалыптасып, халықпен жұмыс істеудің өмірлік мектебінен өтті. Ең маңыздысы, жұртпен жұмыс істей білуді үйренді. Кейбір басшылар құсап бақырып-шақырмай-ақ, ақылмен, сабырмен әрекет ете алатын жағдайға жетті. Өзінің тумасынан жайдарлы мінезінен ешқашан тайған емес. Үлкенге ізет, кішіге қамқор болу оның ата-анасынан дарыған қасиет.

Берлібектің бұдан кейінгі өмір жолына үңілсек, 10 жылға жуық Арқалық ауылында басшылық қызметте болғанын айттық қой. Ол 1996-1997 жылдары Қазыбек би ауданының экология және биореурстар басқармасының бастығы болды. Бұдан кейін ауыл әкімі қызметіне ауысып, осы салада табысты еңбек етті. Атап айтқанда, 1997-2013 жылдары Қарқаралы ауданының Қоянды се-

лолық округінің әкімі болып, осы өңірдің дамуына үлес қосты. Ал, 2013-2020 жылдары осы ауданның Қаракөл селолық округінің әкімі болып жемісті еңбек етті. 2019 жылы жасы жетуіне орай зейнеткер мәртебесін алды. Қандай қызмет болмасын, өзіне қандай міндет жүктелмесін ол әрдайым мінсіз орындап, халықтың алғысына бөленді. Үкімет тарапынан да түрлі медаль, құрмет грамотасымен, төсбелгімен марапатталды. Облыс әкімінің Алғыс хатына және салалық құттықтауларға ие болды. Сонымен қоса, халықтың сенімін аркалап, Қарқаралы аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған кездері де болды. Міне, Берлібектің өмір белестері, жүріп өткен жолы осындай. Енді әңгіме ауанын басқа жаққа аударып көрелік.

«Тектіден текті туады, ата жолын қуады» деген халқымызда сөз бар. Сол сөздің растығына күмән келтіруге болмайды. Осы мақаланың кейіпкері Берлібек Әбдікәрімовтің де сондай тектінің тұқымы екені анық. Оның ата-тегі таратып, шежірені оқысаңыз, оған көз жеткізесіз. Қалың Қаракесек ішінде шаншарлар деген бар. Олар XVII ғасырда «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған, ордасы Түркістанда болған Есімханның бас уәзірі, Орта жүздің бас биі болған Шаншар абыз Бұлбұлұлының тұқымы еді. Сол абыздың Нұрбике есімді бір бәйбішесінен Бертіс және Тілеуке атты екі ұл туған болатын. Қазіргі Егіндібұлақ өңірінің үштен бірін алып жатқан Жарылғап деген ру бар, осы Тілеукеден тарайды. Ал, Жарылғаптың бірнеше ұлы болған. Сол ұлдарының бірі Жоламанның бес бәйбішесінен 16 ұл тараған. Сол ұлдарының бірі Көбдік ата, бүгінгі кейіпкеріміз Берлібек осы кісінің ұрпағы. Яғни, Көбдіктен – Дуана, одан Нұржан, одан Әбдікәрім, одан Бейсенбек, Бейсекеңнен Берлібек туған.

Біз жоғарыда әңгімемізді тектен бастадық қой. Сол тектінің тұқымы Әбдікәрім ата (жұрт ол кісіні Қошқар есімімен біледі) болатын. Әбдікәрім Нұржанұлы 1895 жылы Қу болысының №2 ауылында туыпты. Әлихан Бөкейхановтың жазбасына сәйкес, осы №2 ауылда Көбдіктен тараған 40 үй болған. Бұл қазіргі Шөптікөлдің маңы болса керек. Ал, өлкетанушы Ю.Поповтың кітабында Шөптікөлге жақын Желтауда Заводской деген орыс поселкесі болғаны айтылады. Сондағы мыс қорыту заводы 1908-1915 жылдары Екібастұз өндірістік бірлестігінің филиалы ретінде жұмыс жасаған. Заводтың иесі кен өндіруші К.Л.Вахтер деген неміс болыпты. Поселкеде негізінен орыстар тұрған. Бірақ, жақын маңдағы ауылдардан жергілікті тұрғындар да жұмыс істеген. Мыс рудасын № 2,3 ауылдардың қазақтары Көктастан (қазір алтын шығып жатқан жер) арбамен, қыста шаңамен тасыған. Жасөспірім кезінде Әбдікәрім сол заводқа барып жұмыс істеп, балта табысты мамандығын игерген. Сонда хат танып, орыс тілін меңгерген. Тумасынан алымды, жасынан қара жұмыс істеген Әбдікәрім кейін бүкіл ауданға белгілі балташы болған. Қу ауданы құрылған кезде

атқарылған жұмыстарға белсене араласқан. 1928 жылы Қу ауданы құрылған кезде аудан орталығы Егіндібұлақ ауылы сол кездегі ҚазақАССР-нің үкімет басшысы Нығымет Нұрмақовтың тікелей нұсқауымен екі қабатты 3 ғимарат, бір қабатты 3 ғимарат тұрғызылған. Негізінен, ағаштан салынған осы құрылыстарға шебер балташылар Рымтай Мақышев, Әбдікәрім Нұржанов, Кенжебек Келдібеков, Берлібек Бәкіжанов көп еңбек сіңірген екен. Мысалы, жуан бөренелерді екі метрлік биік трапка салып қойып, жаңағы балташылар Әбдікәрім мен Берлібек бірі үстінде, бірі астында тұрып, арамен тактай тіледі екен. Реті келгенде айтып қалайық. Әбдікәрім ата ұлдан тұңғыш немересінің атын өзінің қанды көйлек жолдасы Берлібек Бәкіжановтың құрметіне Берлібек қойған ғой. Достыққа берік бұрынғының адамдары сондай болады. Басқа біреу болса, Марап, Мұрат деп жанаша есімді бере салар еді.

Мақаланың басында Әбдікәрім (Қошқар ата) ақсақалдың басында балуан болғанын айтып едік. Осы қолы қарулы, әрі шебер балташы бұрынғы Қу өңірінде салынған ірі ғимараттарды тұрғызуға қатысқан. Мысалы, 1936 жылы салынған Арқалық ауылдық кеңесінің Ақтастыдағы орта мектептің құрылысына қатысыпты. Шебер балташы ретінде Майқайың алтын заводның, Теміртаудың түбіндегі Самарканд су қоймасының құрылысына өз үлесін қосқан екен. Жалпы, Әбдікәрім ата ән-күйден хабардар, көзі ашық, көкірегі ояу адам болған ғой. Бір кездері Қоянды жәрмеңкесінде жиі ұшырасып, дос болған қазақтың белгілі актері, режиссері Жұмат Шаниннің құрметіне екінші шөбересінің атын Жұмат қойған екен. Себебі, Жұмат Шанин туған Шана қыстағы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Шөптікөл бөлімшесіне қараған. Қоянды жәрмеңкесінен қол созым жерде болған. Кейін Баянауыл ауданына қараған «Ожный» совхозы қазір Жұмат Шанин ауылы деп аталады.

Мұнымен қоса, Әбдікәрім ата Қазақстанның халық артисі Қали Байжановпен де кезінде жақсы араласқан. Қали әнші Баянауыл ауданының тумасы болып есептелгенімен, оның туған Нағайбыл қыстағы қазіргі Айыр ауылынан алыс емес. Қалекен жасырақ кезінде Желтау мыс заводында тас қалаушы болып жұмыс істепті. Таныстық осы жерден басталған. Кейін Қали әнші Қоянды жәрмеңкесінде жиі өнер көрсетіп, осы өңірде қалып қойған. Бертінде Қарағанды қалалық радиосының хорында әнші болған ғой.

– 1972 жылы Целиноград қаласына институтқа түсуге бара жатқанда Қарағандыдағы 45-ші кварталдағы Қали Байжановтың шаңырағына, яғни, үйіне атам мені алып келіп, қонып кеттік. Ол кезде Қалекен жоқ, бәйбішесі мен балалары бар еді. Әбдікәрім ата мені оқуға апара жатып, менің жолым ашыласын деп ырымдап, Қали әншінің үйіне әдейі қондырған еді. Сонда атам 82 жаста, бірақ, жалғыз өзі автобуска мініп қайдан болса да, кете беретін. Жүріс-тұрысы ширақ, ең бастысы, тіл білетін. Қай тілде болсын жөн сұрап жүре беретін, – дейді бізбен әңгімесінде Берлібек Бейсенбекұлы.

– Қашан да халқыма ризамын. Әрдайым алақанға салды. Тілге, осыдан 49 жыл бұрынғы үйлену тойымызды бүкіл ауыл болып атқарды. «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін», – деген сөз осыдан қалған шығар. Атамның абыройы, әкемің жайсаңдығы, анамның көпшілдігі мен бауырмалдығы, міне, жетіспек келгенше азығым болды. Халықтың батасы, елдің тілегі шығар, қазір үлкен әулеттің атасы болып отырмын. Бәйбішем Гүлнар екеуміз алты бала өсіріп, ұлды ұяға, қызды қыяға қондырып, немерелердің қызығына бөленіп, ақар-шақар ел болдық, – дейді бүгін 70 жасқа толып отырған Берлібек ата.

Туған күн құтты болсын, Бекел!

Серік СЕРСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
«Құрмет» орденінің иегері

• БІЛІМ

Құжат қабылдау басталды

Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2026-2027 оқу жылына 7 сыныпқа оқушыларды қабылдау науқанын бастады. Құжат қабылдау «Өркен» білім беру гранты аясында жүзеге асырылады. Бұл грант дарынды балаларға сапалы әрі тегін білім алуға мүмкіндік береді.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қабылдауға жалпы білім беретін мектептердің 6 сыныбында оқитын оқушылар қатыса алады. Үміткерлерді іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және білім деңгейін жан-жақты бағалауға бағытталған.

Құжаттарды қабылдау 9 ақпанға дейін жүргізіледі. Өтініштерді жұмыс күндері қабылдау комиссиясы қарайды. Қабылдау уақыты таңертеңгі сағат тоғыздан кешкі алтыға дейін, түскі үзіліс белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініш беру екі форматта жүзеге асады. Біріншісі – электронды түрде, eGov.kz порталы арқылы. Бұл ретте ата-ананың немесе заңды өкілдің электронды цифрлық қолтаңбасы қажет. Екінші тәсіл – құжаттарды қағаз нұсқада тікелей мектептің қабылдау комиссиясына тапсыру.

Электронды түрде өтініш беру eGov.kz порталы арқылы жүзеге асады. Бұл жағдайда ата-ананың немесе заңды өкілдің электронды цифрлық қолтаңбасы қажет. Олайын форматта тапсырылатын құжаттар қатарына өтініш, шетелде білім алған жағдайда оқу орнын растайтын ресми құжаттың электронды көшірмесі және көлемі 1 МБ-тан аспайтын, өлшемі 3x4 цифрлық фотосурет кіреді. Айта кету керек, фотосуретті қабылдау комиссиясында түсіруге мүмкіндік бар. Ал, құжаттарды қағаз түрінде тапсыратын талапкерлер өтінішпен бірге сауалнаманы, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін, ата-ананың жеке куәлігін, 6 сыныптың жартыжылдығын аяқтағанын растайтын табельді, белгіленген өлшемдегі фотосуретті және құжаттарды жинақтауға арналған түптегішті ұсынуы тиіс. Барлық құжаттар талапқа сай рәсімделуі қажет.

Құжат қабылдау аяқталған соң үміткерлер кешенді тестілеуден өтеді. Кешенді тестілеу 2026 жылғы 27 және 28 наурыз күндері өтеді. Тестілеу барысында оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, мәтінмен жұмыс істеу дағдысы және математикалық сауаттылығы бағаланады. Бұл кезең мектепке қабылдауда шешуші рөл атқарады.

Қабылдау науқаны талапқа сай және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Бұл дарынды балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік беруді көздейді.

Назарбаев Зияткерлік мектебі – халықаралық стандарттарға сай білім беру жүйесін енгізген, оқушылардың академиялық білімімен қатар, зерттеушілік қабілеті мен сыни ойлауын дамытуға басымдық беретін білім ордасы. Сондықтан, аталмыш мектепке түсу – көптеген оқушы мен ата-ана үшін үлкен мүмкіндік.

Мектеп Қарағанды қаласындағы Шахтерлер даңғылы бойында орналасқан. Қабылдау талаптары мен тестілеу тәртібі бойынша қосымша ақпаратты мектептің ресми байланыс арналары арқылы алуға болады.

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

«Құрметті» болудың құны қанша?

«Марапатын сұрап алған қайраткер, медальдарын сатып алған кіл мықты...». Ақын Ақжол Түменбайдың осы бір өлең жолдары бүгінгі қоғамдағы көріністі тамыршыдай дөп басатындай. Қай салаға көз жүгіртсең де, төсінде жарқыраған белгісі бар адамды кездестіріп қаласың. Бұл шынайы еңбектің жемісі ме, әлде атаққа деген сұраныстан ба? Әйтеуір, марапат атаулының көбейгені анық. Әсіресе, жыл соңына қарай марапаттау науқаны үдей түсіп, даңқ пен даңғаза қатар жүреді...

Бұл туралы күні кеше ғана Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай өткір мәселе көтерді. Сонымен...

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Үрдіс пе, індет пе?

Бүгінде жылтылдаған марапаттар тек үлкен мінберлерден ғана емес, күнделікті тұрмыс аясында да көзге ұрып тұр. Әлеуметтік желіні ашып қалсаң болды, біреу «Құрметті азамат» атаныпты, енді бірі «Жылдың үздігі» болыпты деген ақпардан көз сүрінеді. Мұның бәрі қоғамға тосын көрінуден қалып, қалыпты құбылысқа айналып бара жатқандай. Тіпті, кей қоғамдық ұйымдардың марапаттау рәсімдері даңғарадай зәулім залдарда өтеді. Қызыл кілем төселіп, сән-салтанатпен табысталады. Жетістіктің аты дабыралап тұрса да, заты табыстап тұрған ұйымның атауы секілді көпшілікке онша таныс емес. Елде бұрын естілмеген қоғамдық бірлестік немесе жаңа құрылған құрылым болуы мүмкін.

Кейде тіпті, бір ұйымда бірнеше адам бір мезетте «үздік», «ең белсенді», атанып шыға келеді. Бір мектепте «Жыл мұғалімі» көбейіп кетсе, университеттерде – «Үздік студент» атағы жаппай тарайды. Сонда «үздік» деген өлшем қайда қалды? Егер бәрі үздік бола қалса, еліміз неге баяғыда қарыштап кетпейтін еді?

Жалған жарнамаға жауапкершілік бар

Бүгінде атақтың қалай «таратылатынын» білу үшін алысқа көз жүгіртудің қажеті жоқ. Әлеуметтік желідегі қызылды-жасылды хабарландыру жеткілікті. «Халықаралық марапат», «Құрметті төсбелгі» дегеннің жарнамасы көзге ұрып тұрады. Хабарламаның соңында байланыс нөмірі, ал, жеке сөйлесе келгенде шарттары да айтылады: салтанатты кеш, сертификат, төсбелгі, естелік сурет. Бағасы да жасырын емес.

Біріне – 20 мың болса, енді біріне – 100 мың теңге. Қалтасы көтерсе, атақ дайын.

Ең қызығы, қоғам арасында осындай ұсыныстарды алғанын ашық айтатындар да бар. Бірі «құжым үшін керек болды» дейді, енді бірі «жоғары жаққа есеп беру үшін» деп түсіндіреді. Ал, кейбірі мұны мансап жолындағы қалыпты қадам санайды.

Бұл мәселеге заңгерлердің де өз айтары бар. Құқық саласының маманы Кәмшат Мейірбекқызының айтуынша, соңғы кезде көбейіп кеткен «беделді», «халықаралық», «ресми» деп сипатталатын марапаттардың бәрі бірдей заң талаптарына сай келе бермейді.

– Егер қандай да бір ұйым өз марапатын шын мәнінде маңызды мәнге ие емес мәртебемен ұсынып, оны қоғамға «беделді» немесе «ресми» ретінде таныстырса, бұл – тұтынушыны жаңылыстырудың айқын белгісі. Қазақстан заңнамасы жарнама мен жария ақпараттың шынайы болуын талап етеді. Ал, жалған сипаттағы атақтар мен марапаттарды насихаттау «жалған жарнама» ретінде бағалануы мүмкін, – дейді заңгер.

Маманның айтуынша, мұндай жағдайда тек марапатты ұйымдастырып, таратушы ұйым ғана емес, белгілі бір шарттарда марапатты сатып алған адам да жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Егер бұл әрекет жүйелі түрде жүргізіліп, пайда табу мақсатын көздесе, айыппұл салу, тіпті, қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. «Жалған беделді пайдалану арқылы ол да қоғамды адастыруға үлес қосады. Яғни, мәселе тек алып-сатар сатушыда ғана емес, сол жылтыр атаққа қызығып, сұраныс туғызып отырған ортада да бар», – дейді ол.

Осылайша атақтың айналасында қалыптасқан жасырын нарық біртіндеп ашық алаңға айна-



лып келеді. Ал, бұл құбылыстың түбі қайда апаратыны беймәлім.

Көршінің баласы да алыпты...

Соңғы жылдар мұғдарында атақ пен марапат жайлы әңгіме тек мінбер мен әлеуметтік желіде емес, күнделікті тұрмыста да желдей есіп барады. Жақын-жуық, көрші-қоланмен шүйіркелесе қалсаң, «пәленшенің баласы да алыпты» дейді. Енді бірі «көршінің қызы «Үздік студент» атаныпты» деп қосады. Сонда еріксіз абдырап, қонылтақсып қалады екенсің: қашан алды, қайдан алды, қай еңбегімен алды?

Бұл жағдайға қоғам белсенділері де алаңдаулы. Олардың айтуынша, марапаттың шектен тыс таратылуы қоғамда нақты өлшем мен бағамды көмескілендіріп барады. Осы тақырып төңірегінде қоғам белсендісі Майра Төлеубекқызымен де пікір алмасып көрдік. Оның пікірінше, атақ пен марапаттың қадірі оны қалай болса солай, кім көрінгенге тарата бастаған сәттен-ақ түсе бастаған.

– Бұрнағы жылдары марапат сирек еді. Сондықтан, бағалы болатын. Қазір керісінше көп, әйткенмен салмағы жоқ. Адамдар атақты еңбегі үшін емес, өзіне «көрек болғаны» үшін алатын деңгейге жетті. Бұл түйткіл әсіресе білім саласында қалыпты жағдайға айналып бара жатқаны күмілжітеді. Мұғалімдердің мерей-мәртебесін

жалған атақпен өлшеу – тәрбиенің түп-тамырына балта шабу дер едім. Егер бала білім алу үшін емес, төсбелгі үшін оқыса, ал, мұғалім шәкірт тәрбиелеу үшін емес, марапат жинау үшін жұмыс істесе, ертеңгі күннің бедері қалай болар екен? – дейді ол.

Атақтың да сұрауы бар

Шынтайтында, шынайы марапат үнсіз келеді хәм шыңға шығарады. Ұларбек Нұрғалимұлы өз кітабында: «Атак, абырой адамға өз аяғымен келсе көрік, ал, оны өзің іздесең, оған жетуің де, жетпеуің де мүмкін, бірақ адамшылығыңнан айрыласың» деп айтқандай, атакқұмарлық керісінше – дабыра мен даңғазаға жакын.

Қорыта айтқанда, марапаттың қадірі қаша, еңбектің бағасы да төмендейді. Бұл мәселе бір күнде заңмен де, ережемен де толық шешіле салмайды. Мұнда ең алдымен қоғамдық сана, ұят өлшемі, ар мен жауапкершілік таразыға түсуі керек. Хакім Абайша айтсақ, «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?» деген ой бүгінгі күнге тура айтылғандай. Атақтың соңынан қуу арды алға шығармауы тиіс. Ал, алдамшы беделдің баянсыз екені кеше де, бүгін де дәлелденіп қойған.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Еңбек миграциясы өңір дамуының тетігі ме?

(Соңы. Басы 1-бетте)

2025-2026 жылдары ресми билік еңбек миграциясын ретті қалыпқа көшіруге бағытталған бірқатар реформаларды енгізді. Жұмысқа рұқсат беру қағидалары өзгерді. Бұдан былай жұмыс беруші өтінім бермес бұрын ішкі еңбек нарығына талдау жүргізуге міндетті. Өтінім беру үдерісі де онлайн форматқа көшіріліп, бюрократиялық рәсімдер жеңілдетілді. Сонымен қатар, Парламент құрылыс пен ауыл шаруашылығы сияқты кадр тапшылығы байқалатын салаларда квотаны ұлғайту және оны алу тәртібін оңайлату жөнінде бірқатар ұсыныстар білдірді. Бұрынырақ жұмысшыларға арналған квота 14 800-ден 16 500 орынға дейін ұлғайтылса, биылға квота елдегі жалпы жұмыс күшінің 0,25%-ы көлемінде белгіленіп, шамамен 22-25 мың адамды құрайды. 2030 жылға дейінгі көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасы өзара ашықтыққа, азаматтардың мүддесіне және мигранттарды тек нақты кадр тапшылығы бар салаларға тартуға басымдық беріледі. Мұнда еңбек шарттарын тіркеу, дипломдарды верификациялау және білікті мамандарды тандау терең мәнге ие.

Өндіріс пен кен өндіру орталығы саналатын өңір көршілес елдерден инженерлер мен техниктерді тарта отырып, монокалалардың әрі қарайғы дамуын қолдай алады. Шетелдік мамандарға жол ашу бірқатар артықшылық та береді. Біріншіден, бос жұмыс орындары тікелей толтырылады. Былтыр шетелдік жұмыс күші саны 14 мың адамға жетіп, олардың басым бөлігі құрылыс (4 949) және ауыл шаруашылығы (2 930) салаларында еңбек етті. Жалпы алғанда, 2023 жылғы шетелдік жұмысшылар саны 2022 жылмен салыстырғанда 47%-ға өсіп, экономикалық өсімге оң әсерін тигізген.

Ел көлемінде өнеркәсіптің жедел дамуы, шетелдік ма-

мандар жаңа технологиялар мен дағдыларды енгізуі ең алдымен еңбек өнімділігін аршындатып арттырады. Орталық Азияда еңбек миграциясы қабылдаушы елдер үшін де (кадр тапшылығын жабу), жіберуші елдер үшін де (ақша аударымдары) тиімді. Экономикалық әсері ЖІӨ-нің өсуінен көрінеді.

Белгілі болғандай, көмір мен металл өндіруге тәуменді аймақ білікті мигранттар есебінен өндіріс көлемін адымдағып арттырып, жаңа жұмыс орындарын құра алады. 2023-2024 жылдары өңірлік өсім қарқыны орташа көрсеткіштен 17%-ға жоғары болды. Демек, жергілікті экономика жанданып, тұрғын үй, қызмет көрсету және сауда салаларында мультипликативті әсер берері және жасырын емес. Шетелдік мамандармен бәсеке жергілікті жұмысшыларды біліктілігін арттыруға одан әрі ынталандырып, ұзақ мерзімді кадр тапшылығын кеміте түседі. Әрнеде әрқандай тәуекел тұрмақ. Бейресми жұмыспен қамтудың өсуі, төмен білікті жергілікті тұрғындардың жалқысының қысқаруына оралсақ, 2030 жылға дейінгі тың тұжырымдама бірқатар осы рәушігі мәселелерді ескеріп, ішкі еңбек нарығын қорғау мен мигранттарды интеграциялауға оң ықпал етеді.

Шетелдік жұмыс күшін тартуды жеңілдету жөніндегі байыпты бастамалар егемен елдегі кадрлық дағдарысқа уақытылы жауап. Ашықтық пен жергілікті мүдделерді қорғау арасындағы тепе-теңдік сақталса, өңір толтырылған жұмыс орындарына, бәсекеге қабілеттілікке және тұрақты дамуға қол жеткізеді. Ақырында, ашық еңбек нарығы – жаһандану дәуіріндегі өркендеудің алтын кілті болып сомдалмақ. Сондықтан, туған жеріңізде жеті атасы баспаған жерге келген бөгде біреуді көрген болсаңыз, мигрант болмағы кәдік екендігін есіңізге бір мәрте түсіріп қойған боларсыз.

Жол қауіпсіздігі қателікті кешірмейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл көрсеткіштер жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында шұғыл әрі заманауи шешімдер қабылдауды талап етті.

Талдау нәтижесінде, қараңғы уақытта болатын жол апаттарының негізгі себептерінің бірі – жүргізушілердің ұйқылы-оая күйде көлік басқаруы екені анықталды. Осыған байланысты, ДП басшылығы «ҚазАвтоЖол» АҚ-мен бірлесіп, елімізде алғаш рет аркалы конструкцияларға орнатылған қуатты әрі төмен интенсивті лазерлерді қолдану жүйесін іске қосу туралы шешім қабылдады. Қазіргі таңда мұндай 11 бірлік орнатылған.

Бұл инновациялық жүйе жүргізушінің зейінін арттырып, ұйқышылықты сейілтуге көмектеседі. Нәтижесінде, түнгі уақытта болатын апаттардың алдын алуға нақты мүмкіндік туады.

Жол апаттарының тағы бір себебі – жылдамдық режимінің сақталмауы. Осы мәселені шешу үшін елдімекенде және республикалық маңызы бар автожолдарда жылдамдықты автоматты түрде тіркейтін «Екин-Патрол» кешендері, сондай-ақ, жасырын патрульдеуге арналған «Оракул» жүйелері кезең-кезеңімен орнатылып жатыр. Бұл кешендер жүргізушілердің тәртібін бақылап қана қоймай, олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне де айрықша назар аударылуда. 2024 жылғы 1 шілдеден бастап, Қарағанды және Теміртау қалаларында «Argus-жаяу жүргінші» автоматтандырылған бақылау кешендері іске қосылды. Бұл жүйе жаяу жүргіншіні өткізбе-



Коллаж жасаған Айбек Рахманов

ген жүргізушілерді автоматты түрде тіркейді. Ал 2026 жылға дейін тағы 15 бірлік осындай кешен сатып алу жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, жаяу жүргіншілер тарапынан жасалатын жол ережесі бұзушылықтарын анықтайтын, бет-әлпетті тану функциясы бар «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» кешенінің тестілік режимде енгізу көзделуде.

– Қазір жолдан өту бұрынғыдай емес. Камералар, белгілер, жарықтандыру – барлығы тәртіпке шақырады. Жаяу жүргінші ретінде өзімді қауіпсіз сезіне бастадым. Мұның барлығы адам өмірін сақтауға бағытталғанын түсінеміз, – дейді қала тұрғыны Мұрат Қуандықұлы.

Ал, ұзақ жылдан бері такситізгіндеп келе жатқан тәжірибелі жүргізуші Жанат Тілеуберген мәселенің түп-төркінін тереңірек пайымдайды.

– Камералар, айыппұлдар, жаңа технологиялар – бәрі керек. Бірақ, ең бастысы – жүргізушінің ішкі мәдениеті. Біз бір-бірімізге жол беруді, асықпай жүруді ұй-

ренуіміз керек. Сонда ғана апат азаяды. Мен күнде рөлде отырған адам ретінде мұны анық көріп жүрмін, – дейді ол.

«Сақтыққа қорлық жоқ» демекші, шынында, жол қауіпсіздігі – әр азаматтың санасына, мәдениетіне, жауапкершілігіне тікелей байланысты күрделі қоғамдық мәселе. Мемлекет басшысы айтқандай, адам жол ережесін полициядан қорыққандықтан емес, өзінің және өзгенің өмірін ойлағандықтан сақтауы тиіс.

Бүгінде елімізде жол қауіпсіздігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Инновациялық технологиялар енгізіліп, бақылау күшейтілуде, инфрақұрылым жаңартылуда. Алайда, осының барлығы қоғамның саналы қолдауынсыз толық нәтиже бермейді.

Жол үстіндегі әрбір дұрыс шешім – сақталған бір тағдыр. Ал, адам өмірінен асқан құндылық жоқ. Сондықтан, қауіпсіз жол – мемлекеттің ғана емес, баршамыздың ортақ міндетіміз екенін естен шығармаған абзал.

• ӨЗЕКТІ

Зейінсіз бала болмайды

Қазіргі мектептегі басты сын-қатерлердің бірі – баланың оқу үдерісіндегі зейінін сақтау. Ақпараттық технологиялар қарыштап, дамыған заманда балалардың қабылдау жүйесі түбегейлі өзгерді. Мамандар бүгінде балаларда «клиптік ойлау» басым екенін айтады. Яғни, олар ақпаратты өте жылдам қабылдағанымен, оны ұзақ уақыт сақтап, терең талдауға қиналады. Бұрынғы буын ұзақ мәтінмен жұмыс істеуге төзімді болса, қазіргі «Альфа» ұрпағы динамикалық, визуалды және қысқа ақпаратқа бейім. Олардың зейіні «бірден және қызықты» деген принциппен жұмыс істейді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Сабақ барысында баланың зейінінің жиі бөлінуі кездейсоқ құбылыс емес. Оның негізгі себептерінің бірі – ақпараттық шаршау. Күні бойы гаджеттен үздіксіз келетін ақпарат ағыны баланың миын қажытады. Сонымен қатар, ұйқының қанбауы, дұрыс тамақтанбау, тәтті тағамға әуестік сияқты физиологиялық факторлар да зейінге тікелей әсер етеді. Ал, егер сабақ бірсарынды өтіп, тек мұғалімнің монологына құрылған болса, баланың зейіні шамамен 10-15 минуттан кейін әлсірей бастайды, – деді №14 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Толғанай Сейтжанова.

Бұл мәселеде ұялы телефон мен гаджеттердің ықпалы жоққа шығару мүмкін емес. Қысқа видеолар, ойындар мен жылдам контент баланың миын «дайын дофаминге» үйретеді. Ал, сабақтағы оқу, есеп шығару – еңбекті талап ететін, яғни «қыын дофамин» Телефонға үйренген ми күрделі тапсырмадан қашқақтайды. Тіпті, телефонның үнсіз режимде партада жатуының өзі зейіннің бөлінуіне себеп болуы мүмкін.

Зейіні тұрақсыз оқушымен жұмыс істеу мұғалім мен педагог-психологтан жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді. Үлкен тапсырмаларды бірнеше шағын қадамға бөліп беру, оқушымен көз арқылы байланыс орнату, зейіні

шашыраған сәтте қысқа қозғалыс элементтерін енгізу – тиімді тәсілдердің бірі. Кейде тақта сұрту немесе жеңіл физикалық жаттығу да баланың назарын қайта жинақтауға көмектеседі.

Сабаққа қызығу арқылы арттыруда геймификация әдістерінің маңызы артып келеді. Ойын элементтері, интерактивті платформалар, сторителлинг тәсілі арқылы құрғақ теорияны өмірлік оқиғалармен байланыстыру баланы тыңдаушы емес, ізденушіге айналдырады. Топтық жобалар мен эксперименттер баланың белсенділігін оятып, оқу процесін мағыналы етеді.

– Зейіні төмен оқушының оқу нәтижесі де соған сәйкес өзгереді. Себебі, зейін – білім алудың «қақпасы». Егер ол жабық болса, ақпарат миға толық жетпейді. Мұндай балалар тапсырманың шартын дұрыс түсінбеуі, елеусіз қателер жіберуі мүмкін. Уақыт өте келе, өз қабілетіне сенімсіздік пайда болып, мотивациясы төмендейді. Алайда, бұл баланың қабілетсіздігін білдірмейді. Керісінше, оның бойында ашылмаған әлеуеттің бар екенін көрсетеді. Бұл ретте ата-анамен бірлескен жұмыстың маңызы ерекше. Ата-анамен байланыс баланы айыптау үшін емес, мәселені бірге шешу үшін құрылуы тиіс. Үйдегі күн тәртібін реттеу, гаджет уақытын бақылау, баланың жетістігін де назардан тыс қалдырмау – зейін тұрақтылығының маңызды алғышарттары. Бірлескен психологиялық кеңестер нақты нәтиже

береді, – дейді №14 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Толғанай Сейтжанова.

Ал, мұғалім үшін бұл – үлкен эмоционалдық жүк. Әрбір «қиын» баланың артында ашылмаған қабілет немесе жасырын психологиялық жара тұруы мүмкін. Ондай баланы қатарға қосу – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің нақты өлшемі. Мектеп білім мен орта берсе, отбасы эмоционалдық тірек пен режимді қамтамасыз етеді. Бірі екіншісінен нәтижеге жете алады.

– Қазіргі бала зейінсіз емес.


Ол – көбіне эмоционалдық және психологиялық қолдауға мұқтаж. Ақпараттың шамадан тыс көптігі, гаджеттердің әсері мен ішкі алаңдаушылық баланың оқу зейінін әлсіретеді. Мұндай жағдайда баланы кінәлау емес, түсінуді қолдау және жүйелі түрде бағыттау маңызды. Мұғалім, ата-ана және психологтың бірлескен жұмысы ғана баланың ішкі әлеуетін ашып, оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыра алады, – деген пікірімен бөлісті Сәкен Сейфуллин атындағы гимназияның педагог-психологі Айзада Байбұланова.

Баламен жұмыс – тек білім беру емес, үлкен жауапкершілік пен терең адамгершілікті талап ететін тәжірибе мектебі. Баланы түсіну, қолдау және дұрыс бағыттау – болашақ қоғамның сапасын айқындайтын басты факторлардың бірі.

• ЖАҢА КІТАП

Рух қоңырауының сыңғыры

Виктор Гюгоның «Собор Парижской Богоматери» (фр. «Notre-Dame de Paris») романы – әлемдік әдебиеттің алтын қорындағы шығарма. 1831 жылы жарық көріп, романтизм дәуірінің нақышты нышанына айналған. Таяуда ғана «TENGRI Ltd» баспасынан шыққан қазақ тіліндегі аудармасы қолымызға тиді. Құдды бір баба тілімізде жазылғандай рай шақырып тұр. Бұл орасан ауыр еңбек аудармашы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Рымбала Кенжебайқызы Смаиловаға тиесілі.



Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұзын ырғасы 540 бетке жайғасқан құнтты басылымның мұқаба дизайны готикалық стильде өрнектеліпті. Орта тұсына Нотр-Дам соборының суреті келтірілген. Асылында, қазақ оқырманы үшін маңызды оқиға! Өйткені, әлемдік классиканың терең тәржімесі тілдік және мәдени кеңістікті байыта түседі.

Роман сюжеті ортағасырлық Парижде өрбиді, XV ғасырдың соңы. Басты кейіпкерлер – кемтар қоңыраушы Квазимодо, оның қамқоршысы архидьякон Клод Фролло және сыған қызы Эсмеральда. Шығарма махаббат пен ғадауат, қызығу мен қызғаныш, әлеуметтік теңсіздік әрі тағдыр тақырыптарын терең қозғайды. Гюго Париж соборын тірі кейіпкер ретінде суреттеген. Нәшті нысан адамның талайлы тағдырларының куәсі, ортағасырлық қоғамның қатыгездігінің бейнесі. Тұғырлы туындыда ол шақтағы шіркеу билігінің озбырлығы, сыған жұртына қарсы кемсітушілік және әділетсіздік ашықтан-ашық айшықталады.

Мәселен, сыған деп танылғаннан өзге титтей де кінәсі жоқ қаршадай қыз Эсмеральданың тағдыры – қоғамдық өшпенділіктің құрбаны дейік. Ал, Квазимодоның ішкі жан әлеміндегі күйзелісі, оның сыртқы кемістігінен адамгершілік тұрғысынан қарағанда асып түседі. Гюгоның стилі – әзелден қанық-күрделі сипаттамалармен ерекшеленеді. Шығарма тарихи детальдар мен пәлсапалық ойларға толы. Сөзгер оқырманын сол дәуірдің райына тұтастай батырады.

Рымбала Смаилова аңамыздың толымды тәржімесі шаһар шығарманың мемлекеттік тілдегі тұңғыш толық нұсқасы деп болжаймыз (бұған дейінгі аудармалар туралы мәлімет кезікпеді). Аудармашының есім-сойы оқырмандарға бұрыннан әйгілі. Бұған дейін ол Светлана

Алексиевичтің «Цинковые мальчики», Гарри Грейдің «Однажды в Америке», Нұрайна Сәтпаеваның «Серебряная тамга Алың», Ильмаз Даниялұлының «Дастан и Арман. Начало» атты шығармаларды қазақшаға қотарған. Кітапта Гюгоның поэтикалық тілінің шұрайы-стилі сақталған. Француздық түпнұсқаның қанық метафорасы қазақ ұғымына табиғи түрде көшкен. Мысалы, собордың сипатталуы немесе кейіпкерлердің ішкі монологтары табиғатынан айнымаған.

Латын, француз сөздері (кітаптағы тарау аттары сияқты «Immanis pectoris custos, immanior ipse»), яки, «Lasciate ogni speranza») түпнұсқа қалпында қалғаны шығандаған шығарманың аутентикалығын сақтайды. Дегенмен, кейбір тарихи терминдердің қазақша сәтті баламасы мәртебелі оқырманға түсінікті. Бірақ, ортағасырлық ау-жайға бейімделгені сезіледі. Редактор

Дархан Марал мен корректор Рымкеш Кенжебайқызының аса тыңғылықты жұмысы кітаптың сапалы шыққанынан көрініп тұр.

Ерен-ғайып еңбек қос елдің рухани кеңістігіне мәдени маңыз үстейді. Қазақ әдебиеті айналымына әлемдік классиканы енгізу – ұлттық тіліміздің дамуына зор үлес екендігі ақиқат. Гюгоның романы бүгінгі күні де аса өзекті. Әлеуметтік теңсіздік, кемсітушілік келеңсіздігі рәушті тақырыптар қазіргі қоғамға да қажет дүниелерден. Жалпы, «Париждегі Нотр-Дам соборы» – қарақөз оқырман үшін таңғажайып кәде-сый. Рымбала апайымыз Гюгоның генийлігін әкзер дүниеге паш етеді. Кітап қолымызды кеуде тұсымызға қойып, тәжім етер құрметке лайық.

...Кітаптың соңғы парағын көз алдымыздан өткердік. Тылсым тыныштық. Есесіне сиқырлы собор ғұмыры тыншымайды. Сол тыныста тек XV ғасырдағы Париж ғана емес, бүгінгі күннің де лебі еседі. Сандаған алаңдар у-шуы. Пендешілік өшпенділіктің сыбыры. Қоғам елеуге тырысып бағатын жалғыздардың жанайқайы. Квазимодо – жөн-жосықсыз қоңырау бебелетер кемтар ғана емес, шындығы мінсіз репет. Эсмеральда – тұлдыр тұлға да, адамзат қайта-қайта құрбан етуге даяр еркіндіктің мәңгілік бейнесі. Ал, Фролло – мейірімнен жұрдай білімнің ақыры зорлыққа айналатынын еске салатын кенеусіз кейіп.

Бәлкім, уақыт өте мұқабалар мен кәріптер ауыса жатар. Бірақ, дәл осындай кітаптар – жадымыздың әзкірі дерлік заңғар ескерткіш. Егер оқырман кітапты оқып болғанында көкірек түбінен бәсең ғана қоңырау үнін естісе, демек, тағалым тәржімасының мұратына жеткені.

Суретті түсірген автор

• ТУРИЗМ

Балқаш туризмінің батпандай бағы

Туризм және спорт министрлігі 2026 жылға арналған мәдени-туристік іс-шаралар күнтізбесін әзірлеген болатын. Сол күнтізбеге еліміздің барлық аймағында өтетін 55 ірі іс-шара енгізілген. Солардың қатарында жыл сайын дәстүрлі түрде Балқаш көлінің жағалауында өтетін Balkhash Tour Fest фестивалі де мәдени-туристік іс-шаралардың қатарына енді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Balkhash Tour Fest фестивалі – жаздың басында Ақшағыл (Рембаза) ауылында өткізілетін ірі фестивальдың бірі. Балқашқа турист тарту мақсатында бағытталған. Былтырдың өзінде фестивальға шамамен 50 мыңға жуық адам келіпті.

Екі күн бойы өткізілетін іс-шара аясында колөнер жәрменкелері жұмыс істеп, келушілер үшін спорттық және түрлі шығармашылық аймақ ұйымдастырылады. Қонақтар фудкорт қызметін пайдаланып, ашық аспан астындағы кинотеатрдан фильмдер де тамашалай алады. Ал, сахнада таңның атысынан кештің батысына дейін эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, келушілерге мерекелік көңіл күй сыйлайды. Одан бөлек, балалар үшін түрлі аттракциондар, батуттар мен аквагрим алаңдары қарастырылып, бос уақыттың қызықты өткізуіне жағдай жасалды.

Былтыр жазда дәл осы фестивальда аспаздар гастрономиялық рекорд қой-

ған болатын. Олар қазыдан салмағы 53 келі болатын қазыбургер жасап, көптің есінде қалған еді. Биыл фестиваль төртінші мәрте өткізілмек. Биыл да ұйымдастырушылар негізгі форматты сақтап, қосымша жаңа шараларды қосуды жоспарлап отыр.

Туризм және спорт министрлігінің іс-шаралар күнтізбесі ішкі туризмді дамытуға, туристік маршруттарды кеңейтуге және өңірлердің туристік әлеуетін кеңінен насихаттауға бағытталған. Күнтізбеге мәдени, этномәдени, спорттық, гастрономиялық және экологиялық бағыттағы түрлі іс-шаралар енгізілген. Туристерге қолайлылық үшін іс-шаралар күнтізбесінің интерактивті нұсқасы event.qaztourism.kz сайтына жүктелген. Мұнда кез келген тұрғын көрсетілген сілтеме арқылы іс-шаралардың мерзімін, аймағы мен тақырыптық бағытымен таныса алады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Мергендердің мерейі



Стенд атудан өтіп жатқан Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы табысты өнер көрсетіп, жалпы саны 5 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 2 алтын, 1 күміс және 2 қола жүлде бар. Ел қоржынына түскен олжаның басым бөлігі біздің өңір спортшыларының еншісінде.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Әйелдер арасындағы «скит» сайысында Аделя Садықбай қарсыластарын шаң қаптырып, алтын медаль иеленді. Ал, дәл осы сайыс түрінде тағы бір жерлесіміз Ольга Хайлова үшінші орынды еншілеп, қола жүлдені қоржынға салды. Сонымен қатар, «скит» дисциплинасында әйелдер құрамасы командалық есепте де алтын медальға қол жеткізді. Жеңіс тұғырына көтерілген құрама са-

пында Аделя Садықбай мен Ольга Хайлова бар. Бұл нәтиже Қарағанды мергендік мектебінің әлеуеті жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ерлер арасындағы бәсекеде де қарағандылық спортшының мерейі үстем болды. «Скит» сайысында Эдуард Ещенко мергендігімен көзге түсіп, күміс медаль жеңіп алды. Бұдан бөлек, ол командалық жарыста да ел намысын қорғап, қола жүлдеге қол жеткізген ерлер құрамасының сапында өнер көрсетті.

Айта кетейік, стенд атудан Азия чемпионаты 22 қаңтарға дейін жалғасады. Алғашқы күндердің өзінде-ақ қарағандылық спортшылардың жоғары нәтижеге қол жеткізуі өңір спортының халықаралық аренадағы абыройын асқататын отыр.

Сурет Қазақстан стенд ату федерациясынан

• СПАРТАКИАДА

Ұстаздар шықты жарысқа

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде профессор-оқытушылар құрамы арасында ұйымдастырылатын дәстүрлі «Сергектік пен денсаулық – 2026» спартакиадасы өтіп жатыр. Университет ұжымының салауатты өмір салтын ұстануына серпін беретін спорттық іс-шара жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Білім ордасының әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректоры Абай Қалыков жыл сайын өтетін спартакиаданы ұстаздар асыға күтетінін айтты.

– Аталған спартакиаданың басты мақсаты – профессор-оқытушылар құрамының денсаулығын нығайтып қана қоймай, күнделікті қарбалас қызмет барысында дене шынықтыру мен спортты тұрақты серік етуге үндеу. Сонымен қатар, іс-шара ұжым мүшелерін бір арнаға тоғыстырып, командалық рухты қалыптастыруға, әр факультет арасындағы серіктестік пен достық қарым-қатынасты арттыруға ерекше ықпал етуді көздейді. Университет басшылығының қолдауымен ұйымдастырылған жарыстарға барлық құрылымдық бөлімшелерден командалар қатысып, спорт алаңдарында өзара бақ сынады, – деді Абай Қалыков.

Быылғы спартакиада бағдарламасы дәстүрлі және зиякерлік спорт түрлерін қамтыды. Атап айтқанда, футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, арқан тарту, сондай-ақ, ұлттық зиякерлік ойын саналатын тоғызқұмалақ бойынша өтуде. Мұндай әралуандық қатысушылардың жас ерекшелігі мен спорттық дайындығына қарамастан, әрқайсысына өз мүмкіндігін көрсетуге жол ашып отыр.



ргандығын айтады ұйымдастырушылар.

Спорттық іс-шара барысында тек жарыс қана емес, ұжымдық бірлікті арттыратын түрлі кездесулер мен бейресми форматтағы достық сайыстар да ұйымдастырылуда.

Жарыс қорытындысы бойынша, футболдан «Дене тәрбиесі» кафедрасы, 1-ші корпус командасы, бас корпус командала-

ры жеңімпаздар қатарынан көрінсе, шахматтан 1-ші корпус командасы, тау-кен факультеті мен «Дене тәрбиесі» кафедрасы жүлдегер атанды.

Волейбол, үстел теннисі, арқан тарту және тоғызқұмалақ бойынша жарыстар қаңтар айы бойы жалғасады.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 969 №5 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ	
--	--